Purpose of work: To define distributing of radionuklidov in soils depending on their properties. The analysis of literary data rotined that research of distribution of radionuklidov in soils depending on their properties conducted, in most cases, on the artificially put laboratory experiments with introduction to soils of solutions of radionuklidov. Practically absent taking about conformities to law of distribution and fastening of radioisotopes in the different types of soils after the leadthrough of surface, underground and air tests.

Keywords: radionuklidy, surface, underground, air tests

ӘӨЖ 615.015:615.225.1/2:616.12-008.331

Н.Ж.Орманов – м.ғ.д., проф., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, ormanov48@mail.ru.

Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, lyazzatormanova@mail.ru.

Ж.О. Бекенова – магистрант, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Ұ.Ж. Садырханова – м.ғ.к., доцент м.а., ШМИ-ХҚТУ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ҚҰЗДАМА ТӘРІЗДЕС АРТРИТПЕН АУЫРАТЫН СЫРҚАТТАРДЫҢ ИНДОМЕТАЦИНГЕ СЕЗІМТАЛДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАНЫНЫҢ ХЕМИЛЮМИНЕСЦЕНТТІК ҚАСИЕТІ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанының хемилюминесценттік қасиетін зерттеу.

Сырқаттар қанының хемилюминесценттік қасиеті бейстероидты қабынуға қарсы препараттарға сезімталдығына байланыстылығы әлі зерттелмеген. Осыған орай құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қан ерітіндісінің хемилюминесценттік қасиеті зерттелді. Зерттеуге II дәрежелі құздама тәріздес артритпен ауыратын 68 науқас алынды. Сырқаттардың индометацинге сезімталдығы *in vitro* әдісімен анықталды. Науқастардың қанына 1мг/мл-0,01мл мөлшерінде индометацинді қосып, 37⁰ температурада 30 мөнет бойы инкубация жасалынды. Зерттеуге алынған 68 науқастың ішінде 51-інде қанның хемилюминесценттік көрсеткіштері индометацинді сынақтан кейін өзгеріссіз болды, индометацинге төзімділік көрсеткіші 18,4%-ға жоғарылады, ал 11 адамда бұл көрсеткіштер 31,4-38%-ға шамалы ғана өзгерді, 6 науқаста 1,8 есе өсті, қанның хемилюминесценттік төзімділік көрсеткіші 28,1%-ға төмендеді. Осыған байланысты бұл сырқаттар үш топқа бөлінді: 1-топ «төзімді», 2-топ «сезімтал», 3-топ «өте сезімтал» топқа жатқызылды.

Кілт сөздер: Құздама тәріздес артрит, индометацинге сезімталдығы, қанның хемилюминесценттік қасиеті.

Кіріспе. Бейстероидты қабынуға қарсы препараттардың әсерінен гастропатияның орын алуына липидтердің асқын тотық үрдістерінің үдеуі негізгі себеп болып табылады. А.А.Торопова [1] мәліметі бойынша, индометациннің 25 мг/кг мөлшерінің әсерінен асқазанның Паульс индексінің көрсеткіші нүктелі қан ағуда- 10,7, жалақ жарада- 2,7, жолақты ойық жарада-3,7 шб тең болып, жалақ жараның тереңдігі- $0,54 \pm 0,034$ мм тең болған, бұл дәрілік заттардың әсерінен тәжірибелік егеуқұйрықтардың қан сарысуында тиобарбитурат қышқылымен әрекеттесетін өнімдер 2 есе жоғарыласа, тотықсызданған глутатионның мөлшері 1,4 есе, каталаза және супероксиддисмутаза белсенділіктері 44% және 78%-ға сәйкес төмендейді[2].

Жұмыстың мақсаты: Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанының хемиллюминесценттік қасиетін зерттеу

Зерттеу әдістері. Индометацинге адамдар мен зертханалық жануарлардың даралық сезімталдығын толық анықтау үшін алдын ала 1%-ды индометациннің суда ерітіндісі жасалынды. Зерттеуге алынған жануарлардың құйрығынан немесе адамның қол саусағынан 0,3мл қан алынды және оның жалпы көлемі физиологиялық ерітінді қолданылып 3,0мл жеткізілді, бұл алынған көлемді тепе-теңдей екіге бөліп, бірінші бөлігіне 0,01мл 10^{-4} м сулы индометациннің ерітіндісі, ал екінші бөлігіне – 0,01мл физиологиялық ерітінді құйылды. Одан соң сынаққа алынған ерітінділер 30 минутке 37°C жағдайында термостатта ұсталынды.

Бұл жағдайдан соң қос сынақты 1500 айнал/мин жылдамдықпен центрифугада айналдырып, тұнба үстінен көлемі 1,0 мл ерітінді алынды оны ХЛМЦ-01 аспабына енгізіп сыртқы әсерсіз хемиллюминесценция анықталды. Одан соң әсерленген хемиллюминесценцияны анықтау үшін 3%-0,5мл сутегінің асқын тотығын қосып, әсерленген жалпы шұғыла шашырату және асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығының деңгейі аспап арқылы 5 минут бойы анықталды. Бұл әдіс *in vitro* жағдайында жасалынды. Организмнің индометацинге даралық төзімділігін немесе сезімталдығын анықтауда алынған деректерді толық дәлелдеу үшін бұл әдіс *in vivo* жағдайында да жасалынды. Ол үшін индометацин 20мг/кг дене массасына жануарлардың өңешіне енгізілді, ал бақылау тобындағы егеуқұйрықтарға физиологиялық ерітінді берілді.

Сырқаттарға индометацинді жіті сынақ таңертең 75 мг препаратты ішкізу арқылы жүргізілді. Сынақтың алдынан және 3 сағаттан соң қан ерітіндісінің хемиллюминесценттік қасиеті, диенді қоспалар мөлшері, антиоксиданттық жүйенің көрсеткіштері, глутатион түрлері анықталды. Бұл әдіс *in vivo* жағдайында жасалынды [3].

Организмнің индометацинге даралық сезімталдығы оған төзімділік көрсеткішінің есептеу өрнегі Н.Ж. Орманов әдісімен анықталды[4]:

$$ИТК = \frac{\frac{ХЛЛ_1}{ХЛЛ_2} + \frac{ХЛЛ_1}{ХЛЛ_2} + \frac{АТРТЖ_1}{АТРТЖ_2}}{3};$$

мұндағы: ИТК- индометацинге төзімділік көрсеткіш; $ХЛ_{об}$ – өз бетінше хемиллюминесценция, $ХЛ_{сc}$ - әсерленген хемиллюминесценция, АТРТЖ – асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығы, 1-сынаққа дейінгі көрсеткіш, 2-сынақтан кейінгі хемиллюминесценттік көрсеткіштер;

Зерттеу нәтижелері. Осы келтірілген тәжірибеде алынған ғылыми деректердің негізінде индометацинге сезімталдықты адамдардың қанында анықталды. Сырқаттар қанының хемиллюминесценттік қасиеті бейстероидты қабынуға қарсы препараттарға сезімталдығына байланыстылығы әлі зерттелмеген. Осыған орай құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қан ерітіндісінің хемиллюминесценттік қасиеті зерттелді. Зерттеуге II дәрежелі құздама тәріздес артритпен ауыратын 68 науқас алынды. Сырқаттардың индометацинге сезімталдығы *in vitro* әдісімен анықталды. Науқастардың қанына 1мг/мл-0,01мл мөлшерінде индометацинді қосып, 37° температурада 30 мөнет бойы инкубация жасалынды.

Зерттеуге алынған 68 науқастың ішінде 51-інде қанның хемиллюминесценттік көрсеткіштері индометацинді сынақтан кейін өзгеріссіз болды, индометацинге төзімділік көрсеткіші жалпы топқа қарағанда 18,4%-ға жоғарылады, ал 11 адамда бұл көрсеткіштер 31,4-38%-ға шамалы ғана өзгерді, 6 науқаста 1,8 есе өсті, қанның хемиллюминесценттік төзімділік көрсеткіші 28,1%-ға төмендеді. Осыған байланысты бұл сырқаттар үш топқа бөлінді: 1-топ «төзімді», 2-топ «сезімтал», 3-топ «өте сезімтал» топқа жатқызылды (1-кесте). Бұл сырқаттардың

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

индометацинге сезімталдығына байланысты қанының хемилюминесценттік көрсеткіштері 1-ші кестеде көрсетілген.

1-кесте - Құздама тәріздес артритпен ауыратын науқастардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанының хемилюминесценттік көрсеткіштері (in vitro)

Көрсеткіштер		Топтар			
		жалпы топ (n=68)	төзімді (n=51)	сезімтал (n=11)	өте сезімтал (n=6)
Өз бетінше шұғыла шашырату (кв/сек)	1	3,1±0,09	2,9±0,08	3,5±0,14*	4,0±0,19*
	2	3,7±0,23**	3,1±0,09	4,6±0,14**	7,3±0,21**
Әсерленген шұғыла шашырату жалпы қосындысы (10 ³ кв)	1	31,6±1,6	29,3±1,5	36,3±1,4*	41,4±1,6*
	2	38,6±1,9**	31,7±1,6	50,1±2,4**	74,1±3,4**
АТРТЖ (кв/сек)	1	82,9±2,5	75,6±2,3	121±4,8*	138±5,5*
	2	132,9±3,9**	102±4,4**	167±6,7**	243±8,5**
ИТК (шб)		0,76±0,03	0,90±0,05*	0,73±0,02	0,55±0,22*

АТРТЖ- асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығы; ИТК- индометацинге төзімділік көрсеткіші; 1- сынаққа дейінгі көрсеткіш;
2- сынақтан кейінгі көрсеткіш; *-p<0,05 – жалпы тобымен салыстырғандағы нақты көрсеткіш; **-p<0,05 – болмыстық көрсеткішімен салыстырғандағы нақты көрсеткіш;

Сонымен индометацинге сезімталдығына байланысты құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың in vitro жағдайда қанының хемилюминесценттік көрсеткіштері болмыстық көрсеткішіне қарағанда әр түрлі деңгейде өзгерді. Индометацинге «төзімді» топта өзгеріссіз болса, «өте сезімтал» топта оның деңгейі жоғарылады, индометацинге хемилюминесценттік төзімділік көрсеткіші төмендеді.

2-кесте - Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинді (in vivo) сынақтан кейін хемилюминесценттік көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Топтар			
		жалпы (n=68)	төзімді (n=51)	сезімтал (n=11)	өте сезімтал (n=6)
Өз бетінше шұғыла шашырату (кв/сек)	1	3,6±0,1	3,1±0,09*	3,5±0,07	4,9±0,12*
	2	4,8±0,20**	3,1±0,17	5,0±2,4**	7,8±0,20**
Әсерленген шұғыла шашырату жалпы қосындысы (10 ³ кв)	1	40,1±2,3	32,1±1,5*	39,3±1,6	47,3±1,7*
	2	48,1±1,9**	32,3±1,6	52,8±2,3**	81,9±2,8**
АТРТЖ (кв/сек)	1	135±10,8	107±6,3*	131±4,8	157±6,8*
	2	160±6,4**	107±5,2	176±7,7**	273±9,3**
ИТК (шб)		0,75±0,03**	1,01±0,06*	0,65±0,02**	0,56±0,02**

АТРТЖ- асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығы; ИТК- индометацинге төзімділік көрсеткіші; 1- сынаққа дейінгі көрсеткіш; 2-сынақтан кейінгі көрсеткіш; *-p<0,05 – жалпы тобымен салыстырғандағы нақты көрсеткіш; **-p<0,05- сынаққа дейінгі көрсеткішпен салыстырғандағы нақты көрсеткіш;


In vitro жағдайында алынған деректерді дәлелдеу үшін, құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының хемилюминесценттік көрсеткіштерінің деңгейі бейстероидты қабынуға

қарсы препараттардың, соның ішінде организмнің индометацинге сезімталдығына байланысты индометацинді (in vivo) сынақ арқылы зерттелді. Зерттеуге алынған сырқаттарға индометацинді сынақ 75мг препаратты ішкізу арқылы жүргізілді. Сынақтың алдынан және 3 сағаттан соң қан ерітіндісінің хемилюминесценттік қасиеттері зерттелінді (2-кесте).

Индометацинге «төзімді» топта бақылау топтамасындағы құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың қанында өз бетінше әлсіз және әсерленген шұғыла шашырату деңгейлері «жалпы» топтың бақылау топтамасындағы көрсеткішіне қарағанда 14%-ға, 20%-ға төмен болды, «сезімтал» топта өзгеріссіз, ал «өте сезімтал» топтағы сырқаттарда олардың мөлшері 36,1% және 17,9%-ға сәйкес жоғарылады. Осындай өзгерістер асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығын анықтағанда да орын алды (1-кесте).

Жалпы топтағы сырқаттар қанының хемилюминесценттік қасиеті индометацинді сынақтан кейін болмыстық көрсеткішіне қарағанда 33,3%-ға, 19,9%-ға, асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығы 18,5%-ға өсті. Индометацинді сынақтан кейін өз бетінше әлсіз шұғыла шашырату индометацинге «төзімді» топта өзгеріссіз болды, «сезімтал» топта оның көрсеткіші 42,8%-ға, «өте сезімтал» топтағы сырқаттарда оның деңгейі 59,2%-ға өсті. Осындай өзгерістер әсерленген әлсіз шұғыла шашырату жалпы шұғыла қосындысы мен асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығын анықтағанда да байқалды (3-кесте).

Бұл сырқаттардың индометацинге хемилюминесценттік төзімділігін анықтағанда керісінше өзгерістер орын алды. Бұл көрсеткіштің мәні индометацинге «төзімді» топта 34,6%-ға өсті, «сезімтал» және «өте сезімтал» топтарындағы сырқаттарда оның деңгейі болмыстық көрсеткішіне қарағанда 14,1%-ға және 25,4%-ға сәйкес төмендеді.



Сурет - Индометацинге даралық сезімталдықты in vitro және in vivo анықтау

Қорыта келгенде, тәжірибелік жануарлар мен құздама тәріздес артритпен науқастанған сырқаттарға индометацинмен in vitro және in vivo сынақтар өткізіп, индометацинге даралық сезімталдықты анықтауға болады

Индометациннің әсерінен еркін радикалдардың үдеуі орын алып, индометацинге «сезімтал» сырқаттарда бейстероидты қабынуға қарсы препараттардың әсерінен гастропатияның орын алатынын болжауға болады. Алынған деректер Н.Ж. Ормановтың ғылыми [3] деректерін толықтыра отырып, бұл әдісті гастропатияның пайда болатынын болжайтын дәлдік әдіс деп санауға болады. Индометацинді сынаққа дейін «төзімді» топта диенді қоспалар, липидтердің гидроасқын тотығы және тиобарбитуат қышқылымен әрекеттесетін өнімдері жалпы топпен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшырамады, «сезімтал» және «өте сезімтал» топтарда тек диенді қоспалар ғана 27,2%-ға және 63,6%-ға сәйкес жоғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.ИсаковВ.А. Гастропатия, связанная с приемом нестероидных противовоспалительных препаратов : патогенез, лечение и профилактика. //Клин.фармакология и терапия.- 2005.- №14.- С.9-17.
- 2.Торопова А.А. Морфофункциональная характеристика экспериментальных повреждений желудка и их фитокоррекция: автореф....к.б.н.,2006, Улан-Удэ.-26с.
3. Орманов Н.Ж. Сырманова Н.Р., Бакытжанұлы Б. Тәжірибелік жануарларда индометацинге сезімталдығына байланысты гастропатияның даму жағдайы//Сборник трудов научно-практической конференции «Актуальные проблемы и профилактики профессиональной патологии и гигиена труда» посвященной памяти доктора медицинских наук, профессора Адильбековой Дариги Айдановны .3 мая 2013 года.Шымкент 2013 г. С.10-14.
- 4.Әділбекова Д.А., Орманов Н.Ж.,Жумабаев У.А. Использование хемилюминесцентного свойства сыворотки (плазмы) крови для диагностики хронической интоксикации соединениями фосфора// Методическая рекомендация. -Шымкент,1993.-16с.

РЕЗЮМЕ

- Н.Ж. Орманов** – д.м.н., профессор, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru
- Л.Н. Орманова** – к.м.н, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан, lvazzatormanova@mail.ru
- Ж.О. Бекенова** – магистрант, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия,г. Шымкент, Республика Казахстан
- У.Ж. Садырханова** – к.м.н, МКТУ-ШМИ, г. Шымкент, Республика Казахстан

ХЕМИЛЮМИНЕСЦЕНТНОЕ СВОЙСТВА КРОВИ У БОЛЬНЫХ РЕВМАТОИДНЫМ АРТРИТОМ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ЧУВСТВИТЕЛЬНОСТИ К ИНДОМЕТАЦИНУ

Хемилюминесцентные параметры крови у «резистентной» группы после инициации индометацином остаются без изменения, у «чувствительной» и «сверхчувствительной» увеличивались на 28,4-44,8%% и в 3,1 раза соответственно. Показатель устойчивости к индометацину у «резистентной» группы повышался на 45,6%, тогда как у «сверхчувствительной» группы снижался в 2,6 раза. Ключевые слова:Ревматоидный артрит, хемилюминесценция, кровь, чувствительности к индометацину.

SUMMARY

- N.Zh. Ormanov** – doctor of medical sciences, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, ormanov48@mail.ru
- L.N.Ormanova** – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, lvazzatormanova@mail.ru
- J.O. Bekenova** - undergraduate, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan
- U.Zh. Sadyrhanova** – candidate of medical sciences, ICGS-Shmi, Shymkent, Republic of Kazakhstan

CHEMILUMINESCENT PROPERTIES OF BLOOD IN PATIENTS WITH RHEUMATOID ARTHRITIS DEPENDING ON CHUVSIVITELNOSTI TO INDOMETHACIN

Blood chemiluminescent parameters at “resistant” group after initiation by indometacin remain without change, these parameters have increased to 28.4-44.8% at “sensitive” group, to 3.1 times at “supersensitive” group. The index of stability to indometacin has increased to 45.6% at “resistant” group, and has decreased to 2.6 times at “supersensitive” group.

Keywords: Rheumatoid arthritis, chemiluminescence, blood chuvsvitelnosti to indomethacin.

ӘӨЖ 615-281.873.21

Н.Ж. Орманов – м.ғ.д., проф., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, ormanov48@mail.ru.

Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, lyazzatormanova@mail.ru.

Ұ.Ж. Садырханова – м.ғ.к., доцент м.а., ШМИ-ХҚТУ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Ж.О. Бекенова – магистрант Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ҚҰЗДАМА ТӘРІЗДЕС АРТРИТПЕН АУЫРАТЫН СЫРҚАТТАРДЫҢ ИНДОМЕТАЦИНГЕ СЕЗІМТАЛДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАНЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЛИПИДТЕРДІҢ АСҚЫН ТОТЫҚ ӨНІМДЕРІ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанының құрамындағы липидтердің асқын тотық өнімдері жағдайы зерттеу.

Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының құрамындағы липидтердің асқын тотық өнімдерінің ішінен диенді қоспалардың мөлшері жалпы топта индометацинді сынақтан кейін сенімді түрде өзгерді, ол болмыстық көрсеткішімен салыстырғанда 54,5%-ға өссе, липидтердің гидроасқын тотығы және тиобарбитурат қышқылымен әсерлесетін өнімдер өзгеріссіз жағдайда болды.

Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанындағы диенді қоспалар мөлшерінің болмыстық көрсеткішіне қарағанда «төзімді» топта өзгеріссіз болды, «сезімтал» топтағы сырқаттар қанының құрамындағы оның мөлшері 64,1%-ға, ал «өте сезімтал» топта екі еседей (207%-ға) жоғарылады.

Кілт сөздері: Құздама тәріздес артрит, индометацинге сезімталдығы, липидтердің асқын тотығы.

Кіріспе: Клиницистердің алдына қойған қиын мәселелерінің бірі- остеоартроз ауруының айқын зардапты синдромын емдеуде, әсерлі және қауіпсіз ем тағайындау. Мұндай жағдайларда бүгінгі таңда бейстероидты қабынуға қарсы дәрілер кеңінен қолданылуда. Ал бұл дәрілік препараттарды қолдану ішек-қарын жолдарында, жағымсыз жағдайлар (гастропатиялар) туындатады [1,2,3]. Қазіргі таңда бұл дәрілерден пайда болатын гастропатияны алдын алу және оны ерте аңғару өзекті мәселелердің бірі, оның асқынуынан асқазаннан қан кетсе, кейде өлімге де алып келеді. Бейстероидты қабынуға қарсы дәрілерді тағайындағанда асқазанның ұлтабар аймағында олардың ойық-жара туындататын әсері, науқастардың барлығында бірдей кездесе бермейді. Сондықтан, остеоартроз кезінде бейстероидты қабынуға қарсы препараттардың салдарынан туындайтын гастропатияның дамуы мен таралу тетіктері толығынан зерттеуді қажет ететін мәселе [4].

Жұмыстың мақсаты: Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанының құрамындағы липидтердің асқын тотық өнімдері жағдайы зертеу

Зерттеу әдістері. Индометацинге организмнің даралық сезімталдығын толық анықтау үшін алдын ала 1%-ды индометациннің суда ерітіндісі жасалынды. Зерттеуге алынған жануарлардың құйрығынан 0,3мл қан алынды және оның жалпы көлемі физио-логиялық ерітінді қолданылып 3,0мл жеткізілді, бұл алынған көлемді тепе-теңдей екіге бөліп, бірінші бөлігіне 0,01мл 10^{-4} м сулы индометациннің ерітіндісі, ал екінші бөлігіне – 0,01мл физиологиялық ерітінді құйылды. Одан соң сынаққа алынған ерітінділер 30 минутке 37°C жағдайында термостатта ұсталынды. Бұл жағдайдан соң қос сынақты 1500 айнал/мин жылдамдықпен центрифугада айналдырып, тұнба үстінен көлемі 1,0 мл ерітінді алынды оны ХЛМЦ-01 аспабына енгізіп сыртқы әсерсіз хемиллюминесценция анықталды. Одан соң әсерленген хемиллюминесценцияны анықтау үшін 3%-0,5мл сутегінің асқын тотығын қосып, әсерленген жалпы шұғыла шашырату және асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығының деңгейі хемиллюминетр аспап арқылы 5 минут бойы анықталды. Бұл әдіс *in vitro* жағдайында жасалынды. Организмнің индометацинге даралық төзімділігін немесе сезімталдығын анықтауда алынған деректерді толық дәлелдеу үшін бұл әдіс *in vivo* жағдайында да жасалынды. Сынақтың алдынан және 3 сағаттан соң қан ерітіндісінің хемиллюминесценттік көрсеткіштерін зертедік. Бұл әдіс *in vivo* жағдайында жасалынды[4,5].

Организмнің индометацинге даралық сезімталдығы оған төзімділік көрсеткішінің есептеу өрнегі арқылы анықталды:

$$ИТК = \frac{\frac{ХЛrб_1}{ХЛrб_2} + \frac{ХЛjс_1}{ХЛjс_2} + \frac{АТРТЖ_1}{АТРТЖ_2}}{3};$$

мұндағы: ИТК- индометацинге төзімділік көрсеткіш; ХЛ_{об} – өз бетінше хемиллюминесценция, ХЛ_{әс}-әсерленген хемиллюминесценция, АТРТЖ – асқын тотық радикалдарының түзілуі жылдамдығы, 1-сынаққа дейінгі көрсеткіш, 2-сынақтан кейінгі хемиллюминесценттік көрсеткіштер;

Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының құрамындағы липидтердің асқын тотығу деңгейі бейстероидты қабынуға қарсы препараттардың, соның ішінде организмнің индометацинге сезімталдығына байланысты индометацинді сынақ арқылы зерттелді. Соның ішінде диенді қоспалар, липидтердің гидроасқын тотығы және тиобарбитурат қышқылымен әсерлесетін өнімдер көрсеткішінің деңгейі биохимиялық әдіспен анықталды. Науқастардың қан эритроциттеріндегі диенді қоспаларының деңгейі жалпыға аян Гаврилов В.В. және Мишкорудная М.И. әдісімен анықталды, липидтердің асқын тотығының алғашқы өнімдерін УФ-спектрін жұту максимумын 233 нм ұзындығында өлшенді. Диенді қоспалардың мөлшерін мг/липидке оптикалық тығыздық бірлігінде берілді [6].

Қан эритроциттерінде липидтердің гидроасқын тотықтарының деңгейі Мирончик В.В. [6] әдісімен анықталды. Әдістің негізінде радонисті аммониймен түрлі- түсті кешен түзейтін липидтердің гидрототықтарының Fe^{+2} , Fe^{+3} -ге айналдыратын қабілеті жатыр. Липидтердің гидроасқын тотықтарының деңгейі оптикалық тығыздық бірлігімен өлшенді.

Липидтердің асқын тотықтарының соңғы өнімі тиобарбитурат қышқылымен әрекеттесетін өнімдерінің мөлшері [6] әдістерімен анықталды. Өнімнің тиобарбитурат қышқылымен әрекеттесетін мөлшері молярлық экстинкция көрсеткішін ескеріп жүргізілді, көрсеткіш $1,56 \times 10^5$ моль/см.

Зерттеу нәтижелері. Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың «жалпы» тобындағы диенді қоспалардың болмыстық көрсеткіштерін 100%-ға тең деп алғанда, «төзімді» топта оның мөлшері өзгеріссіз болса, ал «сезімтал» топта 18,2%-ға, «өте сезімтал» тобында 36,4%-ға сәйкес жоғарылады.


Индометацинді *in vitro* сынақтан кейін сырқаттар қанының құрамындағы диенді қоспалар мөлшерлері жалпы топта 72,7%-ға өссе, ал липидтердің гидроасқын тотығы мен тиобарбитурат қышқылымен әсерлесетін өнімдердің мөлшерлері өзгеріссіз жағдайда болды (1-кесте).

1-кесте - Құздама тәріздес артритпен ауыратын науқастар қанының құрамындағы липидтердің асқын тотық өнімдері көрсеткіштерінің индометацинді сынақтан кейін өзгеруі (in vivo)

Көрсеткіштер		Топтар			
		жалпы (n=68)	төзімді (n=51)	сезімтал (n=11)	өте сезімтал (n=6)
ДҚ (Отб/мг липидке)	1	0,33±0,03	0,35±0,02	0,42±0,02*	0,54±0,03*
	2	0,51±0,03*	0,36±0,02	0,82±0,05**	1,1±0,04**
ЛГАТ (Отб/мг липидке)	1	3,3±0,3	3,2±0,19	3,5±0,18	3,5±0,21
	2	3,6±0,4	3,1±0,25	3,4±0,30	3,6±0,41
ТБК-ӘӨ (мкмоль/мг)	1	60,3±6,0	60,7±3,6	61,4±3,7	62,9±3,7
	2	61,4±5,4	60,9±0,25	60,8±5,3	62,3±6,1

ДҚ-диенді қоспалар; ЛГАТ- липидтердің гидроасқын тотығы; ТБК-ӘӨ- тиобарбитурат қышқылымен әрекеттесетін өнімдері; 1-сынаққа дейінгі көрсеткіш; 2- сынақтан кейінгі көрсеткіш; * p<0,05- жалпы топпен салыстырғандағы нақты көрсеткіш; **p<0,05–сынаққа дейінгі көрсеткішпен салыстырғандағы нақты көрсеткіш;

Сонымен, құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының құрамындағы липидтердің асқын тотық өнімдерінің ішінен тек қана диенді қоспалар мөлшері индометацинді сынақтың нәтижесінде өзгерді. Индометацинге «сезімтал» және «өте сезімтал» топтағы сырқаттар қанының құрамында диенді қоспалар мөлшері жоғарылады. Оның өсу деңгейінің ең үлкен мәні «өте сезімтал» топта орын алды, ал «төзімді» топтағы сырқаттарда өзгермеді. Бейстероидты қабынуға қарсы препараттардың әсерінен орын алатын гастропатияның жағдайы осы үрдіске тікелей байланысты.



Жт-жалпы топ; Тт- төзімді топ; Ст- сезімтал топ;Өст-өте сезімтал топ; СД-сынаққа дейін;СК-сынақтан кейін;

1-сурет-Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанындағы диенді қоспалар мөлшерінің өзгеруі

Индометацинге «төзімді» топтағы қанның құрамындағы диенді қоспалардың мөлшері болмыстық көрсеткішіне қарағанда өзгеріссіз болды, «сезімтал» топтағы сырқаттар қанының құрамындағы оның мөлшері 64,1%-ға, ал «өте сезімтал» топта екі еседей жоғарылады (сурет). Ал

липидтердің гидроасқын тотығы және тиобарбитурат қышқылымен әрекеттесетін өнімдерінің көрсеткіштері өзгеріссіз қалды.

Сонымен, құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың қанына *in vitro* индометацинмен әсер еткенде науқастар қанының құрамында липидтердің асқын тотық өнімдерінің ішінен сенімді түрде тек қана диенді коспалар мөлшері өзгерді.

Қорытынды:

1. Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының құрамындағы липидтердің асқын тотық өнімдерінің ішінен диенді коспалардың мөлшері жалпы топта индометацинді сынақтан кейін сенімді түрде өзгерді, ол болмыстық көрсеткішімен салыстырғанда 54,5%-ға өссе, липидтердің гидроасқын тотығы және тиобарбитурат қышқылымен әсерлесетін өнімдер өзгеріссіз жағдайда болды.

2. Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың индометацинге сезімталдығына байланысты қанындағы диенді коспалар мөлшерінің болмыстық көрсеткішіне қарағанда «төзімді» топта өзгеріссіз болды, «сезімтал» топтағы сырқаттар қанының құрамындағы оның мөлшері 64,1%-ға, ал «өте сезімтал» топта екі еседей(207%-ға) жоғарылады

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Насонова В.А. Рациональное применение нестероидных противовоспалительных препаратов в ревматологии // Рус. Мед. журн. – 2002.-Т.10.-№6.-С.302-307.

2. Chan F.K. Craham D.Y. Review article prevention of non-steroidal anti-inflammatory drug gastrointestinal complications – review and recommendations based on risk assessment // Aliment. Pharmacol. Ther.- 2004.-Vol.19, №10.-P.1051- 1061.

3. Hawkey C.J. Non-steroidal anti-inflammatory drug gastropathy // Gastroenterology. – 2000. – Vol.119, №2.-P.521-535.

4. Орманов Н.Ж., Сырманова Н.Р., Бақытжанұлы Б. Тәжірибелік жануарларда индометацинге сезімталдығына байланысты гастропатияның даму жағдайы //Сборник трудов научно-практической конференции «Актуальные проблемы и профилактики профессиональной патологии и гигиена труда» посвященной памяти доктора медицинских наук, профессора Адильбековой Дариги Айдановны .3 мая 2013 года.Шымкент 2013 г. С.10-14

5. Орманов Н.Ж., Сырманова Н.Р. Алиева Т. Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының құрамындағы глутатион түрлерінің индометацинге сезімталдығына байланысты өзгерістері. //Сборник трудов научно-практической конференции «Актуальные проблемы и профилактики профессиональной патологии и гигиена труда», посвященной памяти доктора медицинских наук, профессора Адильбековой Дариги Айдановны .3 мая 2013 года.Шымкент 2013 г. С.19-23

6. Арутюнян А.В., Дубинина Е.Е., Зыбина Н.А. Методы оценки свободнорадикального окисления и антиоксидантной системы организма. - Спб.: ИКФ-Фолиант, 2000. – 104 с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж. Орманов – д.м.н., профессор, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru

Л.Н. Орманова – к.м.н., Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан lyazzatormanova@mail.ru

У.Ж. Садырханова – к.м.н., ШМИ-МКТУ, г. Шымкент, Республика Казахстан

Ж.О. Бекенова- магистрант, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

СОДЕРЖАНИЕ ПРОДУКТОВ ПЕРОКСИДАЦИИ ЛИПИДОВ КРОВИ У БОЛЬНЫХ РЕВМАТОИДНЫМ АРТРИТОМ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ЧУВСТВИТЕЛЬНОСТИ К ИНДОМЕТАЦИНУ

После инициации индометацином в крови у больных ревматоидным артритом концентрация диеновых конъюгатов: в «резистентной» группе осталась без изменений, в «чувствительной» группе увеличилось на 64,1% и в «сверхчувствительной» группе отмечалось повышение до 207% . концентрации гидроперекиси липидов и малонового диальдегида остались без изменений.

Ключевые слова Ревматоидный артрит чувствительности к индометацину, пероксидации липидов крови.

SUMMARY

N.Zh. Ormanov – doctor of medical sciences, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, ormanov48@mail.ru

L.N. Ormanova – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, lyazzatormanova@mail.ru

U.ZH. Sadyrhanova – candidate of medical sciences, ICGS-Shmi, Shymkent, Republic of Kazakhstan

J.O. Bekenova – undergraduate, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

CONTENTS OF LIPID PEROXIDATION PRODUCTS BLOOD IN PATIENTS WITH RHEUMATOID ARTRITOTOM DEPENDING ON CHUVSIVITELNOSTI TO INDOMETHACIN

After initiation of indomethacin in the blood of patients with rheumatoid arthritis, the concentration of diene conjugates: in "resistant" gruppe remained unchanged in the "sensitive" gruppe increased by 64.1% and "supersensitive" gruppe was an increase to 207%. the concentration of lipid hydroperoxide and malondialdehyde remained unchanged.

Keywords: Rheumatoid arthritis, sensitive to indomethacin, blood lipid peroxidation.

ӘОК 612.017.+616.36.002

Н.Ж. Орманов – м.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, ormanov48@mail.ru.

Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Ұ.Ж. Садырханова – м.ғ.к., доцент м.а., ШМИ-ХҚТУ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

С.Б. Бисимбаева – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ҚАН ПЛАЗМАСЫНДАҒЫ ӘЛСІЗ ЖАРҚЫРАУДЫҢ ИНФИЛЬТРАТЫ ТАРАЛҒАН ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗІМЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРДЫҢ АЦЕТИЛДЕУ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРУІ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: Инфильтраты таралған өкпе туберкулезімен ауыратын сырқаттардың қан плазмасындағы әлсіз жарқыраудың ацетилдеу түріне байланысты өзгеруін зертеу. Өкпе туберкулезімен ауыратын сырқаттарды химиотерапиялық емдеу кезінде пайда болатын дәрілердің жанама, жағымсыз әсерлері медицинаның замануи негізі дымәселердің бірі. Осыған байланысты туберкулезге қарсы фармакотерапияның мерзімін қысқартып және туберкулоstaticтердің жағымсыз әсерін алдын-алу кәзіргі фтизиатрия мен клиникалық фармакологияның негізгі бағдарламасы болып табылады

Инфидьтраты таралған өкпе туберкулезімен ауыратын сырқаттарды қанының хемилюминесценттік уыттаеу көрсеткіші (ХЛЮК) күшті ацетилдеу түріндегі науқастарда 26%-ға, орта ингибиторлы сырқаттарда оның мәні бакылау тобынан 80%-ға, күшті ингибиторлы топтағы науқастардың көрсеткішінен 42,8%-ға өседі, әлсіз ингибиторлы сырқаттарда ХЛЮК-тің мәні

бақылау топтағы бақылау тобының көрсеткішінен бір еседен артық (134%-ға) өссе, күшті және орта ингибиторлы топтағы сырқаттардың көрсеткішінен сәйкес 85,7%-ға және 30%-ға жоғарылайды.

Кілт сөздер: Өкпенің, ацетилювания туберкулез, сверхслабоеканның жарық түс

Кіріспе. Химиотерапиялық емдеу кезінде пайда болатын дәрілердің жанама, жағымсыз әсерлері замануи негізі мәселердің бірі. Осыған байланысты туберкулезге қарсы фармакотерапияның мерзімін қысқартып және туберкулоостатиктердің жағымсыз әсерін алдыналу кәзіргі фтизиатрия мен клиникалық фармакологияның негізгі бағдарламасы болып табылады [1]. Туберкулоостатиктердің негативті жағымсыз әсерінен бауыр ағзаларының зақымдануы және дәрілік гепатиттердің орын алуына байланысты, арнайы туберкулезге қарсы антибактериялық емдік әдістерді тоқтатуға мәжбір ететін жағдай [1]. Дубровская Н.А. [1], Шмелев Н.А. [2] ғылыми дәрежелері бойынша туберкулезге қарсы химиотерапияның әсерінен дәрілердің теріс, жағымсыз, жанама әсерлері 13% және 61,3%-да орын алады, ал Мишин В.Ю. және б.а. [3] мәліметтері бойынша негізгі туберкулезге қарсы антибиотикалды препараттардың жағымсыз әсерінен 45,5% науқастарда токсикалық жанама реакциялар, ал 37% сырқаттарда аллергиялық реакциялар орын алған. Негізінен препараттардың жағымсыз әсерлері 15,6 есе жоғары ілеспелі сырқаттары бар туберкулезбен науқастарда және бұл жағдай олардың генетикалық фонымен тікелей байланысты, Нр-2-2 фенотипті, ГИНК-ті нашар инактивациялайтын науқастарды емдегенде 100%-да дәрілердің жанама әсері орын алады, кездеседі [4]. Убайдуллаев А.М. және т.б. деректері бойынша өкпе туберкулезі химиотерапиясының әсерінен Нр1-1 фенотипті сырқаттарда бауырдың зақымдануы 51,6%-да, ал жалпы науқастарда 21,4%-да кездескен [5,6]. Антибиотикалды химиотерапияның әсерінен өкпе туберкулезді науқастардың қанындағы липидтердің еркін радикалды асқын тотығуы мен антитотықтырғыш жүйесінің интегралдық көрсеткіші 1, 2 және 3 айлық емнен кейін күшті ингибиторлы топта 20,4%, 47,2% және 86%-ға ғана өссе, орта ингибиторлы топта 48,6%, 82% және 167,4%-ға, ал әлсіз ингибиторлы науқастарда 64,5%, 94,5% және 209,9%-ға сәйкес жоғарылады [7,8].

Жұмыстың мақсаты: Инфильтраты таралған өкпе туберкулезімен ауыратын сырқаттардың қан плазмасындағы әлсіз жарқыраудың ацетилдеу түріне байланысты өзгеруін зертеу

Зерттеу әдістері. Қан плазмасының хемилюминесценттік қасиеттері Орманов Н.Ж. [9] әдісімен анықталды. Хемилюминесценттік көрсеткіштерді қолданып, хемилюминесценттік уыттану көрсеткіші келесі өрнек арқылы анықталды:

$$(1) \quad \text{ХЛУК} = \frac{\text{СпЖ}_n \cdot \text{ӘЖЖК}_n \cdot \text{АТРТЖ}_n}{\text{СпЖ}_6 + \text{ӘЖЖК}_6} + \text{АТРТЖ}_6$$

мұнда: СпЖ_n-спонтанды жарқырау; ӘЖЖК-әсерленген жалпы жарқыраудың қосындысы; АТРТЖ – асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығы; n- науқас; 6- бақылау.

Бауыр жасушаларының ацетилдеу белсенділігі стандартты изониазидті сынақ арқылы Киселева Т.А [10] әдістері арқылы анықталды.

Зерттеу нәтижелері. Өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған (ИТ) сырқаттардың қан плазмасында әлсіз жарқыраудың деңгейі ацетилдеу үрдісіне байланысты әртүрлі деңгейде өзгереді. Бұл сырқаттардың қанындағы әлсіз спонтанды жарқыраудың деңгейі күшті ингибиторлы (КИ) сырқаттарда дені сау адамдардың көрсеткішіне қарағанда 61,7%-ға көтерілді, иницирленген әлсіз жарқыраудың жалпы қосындысының мөлшері 73,7%-ға жоғарылайды, осындай өзгерістер АТРТЖ зерттегенде орын алады.

Орташа ацетилдеу түріндегі өкпе құрт ауруының инфильтраты таралған түріндегі сырқаттардың қанында әлсіз спонтанды жарқыраудың мөлшері дені сау адамдардың көрсеткішімен салыстырғанда бір еседен артық (129,4%) өседі, иницирленген жалпы жарқыраудың және АТРТЖ дені сау адамдардың көрсеткішімен салыстырғанда 145,2%-ға және 144,4%-ға өседі.

Әлсіз жарқыраудың ең үлкен мәні өкпе туберкулезімен сырқаттар қанының әлсіз ингибиторлы науқастарында орын алады, спонтанды әлсіз жарқыраудың өсуі деңгейі дені сау адамдардың көрсеткішінен екі есе (200%) өседі, иницирленген жалпы жарқыраудың қосындысы мен АТРТЖ екі еседен артық (216,7% және 315,7%) жоғарылайды.

ИТ ӨТ сырқаттардың қанының ХЛУК күшті ацетилдеу түріндегі науқастарда 26%-ға, орта ингибиторлы сырқаттарда оның мәні бақылау тобынан 80%-ға, күшті ингибиторлы топтағы

науқастардың көрсеткішінен 42,8%-ға өседі, әлсіз ингибиторлы сырқаттарда ХЛУК-тің мәні бақылау топтағы бақылау тобының көрсеткішінен бір еседен артық (134%-ға) өссе, күшті және орта ингибиторлы топтағы сырқаттардың көрсеткішінен сәйкес 85,7%-ға және 30%-ға жоғарылайды.

Кесте 1– Өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған сырқаттар қаны плазмасындағы хемилюминесценттік қасиетінің ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі

Көрсеткіштер	Хемилюминесценттік көрсеткіштер			
	Спонтанды жарқырау (кв/сек)	ӘӘЖЖҚ (10 ³ кв)	АТРГЖ (кв/сек)	ХЛУК (шб)
1. Жалпы	3,4 ± 0,09	32,3 ± 1,9	108 ± 7,5	1,0 ± 0,01
Күшті ингибитор	5,5 ± 0,27*	56,1 ± 2,8*	187 ± 9,3*	1,69 ± 0,08*
Орта ингибитор	7,8 ± 0,31*	79,2 ± 3,1*	264±13,1*	2,38 ± 0,3*
Әлсіз ингибитор	10,2± 0,33*	102,3 ± 4,3*	341±10,2*	3,1 ± 0,02*

Нұсқама: * - p-0,05 бақылау тобымен салыстырғандағы дәлдік көрсеткіш;

Алынған мәліметтер өкпе туберкулезінің ИТ сырқаттар қаны плазмасындағы еркін радикалды үрдістерінің көрсеткіші ацетилдеу түріне тікелей байланысты екенін көрсетті, олардың өсу деңгейлері әлсіз ингибиторлы тобында ең үлкен нәтижеге ие болса, күшті ингибиторлық тобында төменгі деңгейде, бірақ дені сау адамдардың көрсеткіштеріне қарағанда жоғарғы деңгейде болады.

Қорытынды

Инфильтраты таралған өкпе туберкулезімен ауыратын науқастар қанының хемилюминесценттік уыттану көрсеткіштері сырқаттардың ацетилдеу түріне тікелей байланысты екені анықталды. Күшті ингибиторлы науқастарда бұл көрсеткіш орта және әлсіз ацетилдеу түріндегі науқастарға қарағанда 30% және 46,2% төмендеді, бірақ бақылау тобы на қарағанда 26% жоғары деңгейде орын алды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Дубровская Н.А. Клинико-иммунологические проявления побочных действий рифампицина при лечении больных туберкулезом легких: автореф. ... канд. мед. наук. - М. - 1984. - С. 30.
- 2.Шмелев Н.А., Степанян. Побочные действия противотуберкулезных препаратов // Проблемы туберкулеза.- 1977, №4. - С.24.
- 3.Мишин В.Ю., Васильев И.А., Макиева В.Г. Частота, характер и диагностика побочных реакции у больных туберкулезом легких при химиотерапии основными препаратами.// Проблемы туберкулеза. - 2003. - №7. - С.24-29.
- 4.Ташбулатова Ф.К. Профилактика побочных реакции противо-туберкулезных препаратов при туберкулезе легких у больных с различным генетическим фоном // Проблемы туберкулеза и болезней легких. -2003. - №6. - С. 17-20.
- 5 Убайдуллаев А.М., Ташпулатова Ф.К., Казаков К.С. Частота и характер рецидивов побочных реакции с разными фенотипами гаптоглобулина при химиотерапии туберкулеза легких // Проблемы туберкулеза. -1998. - №4. - С.23-24.
- 6 Скакун Н.П., Табачук О.Е. Сравнительная гепатоксичность изониазида, рифампицина и этамбутола // Проблемы туберкулеза. - 1991. - №10. - С.77-79.
- 7.Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Инфильтраты шектелген өкпе туберкулезді науқастардың эритроциттеріндегі ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу типіне байланысты өзгеруі// «Қазақстан Фармациясы: ғылым,білім және өндіріс интеграциясы» Халықаралық ғылыми тәжірибелік конфер. матер. ОҚММА. -Шымкент. -2009(2). -341-342 бет.
8. Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастар жағдайының «Прооксидант-Антиоксидант» жүйесінің ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі // Здоровье и болезнь -2009. -№4(80)-С.113-115.
- 9.Әділбекова Д.А., Орманов Н.Ж.,Жумабаев У.А. Использование хемилюминесцентного свойства сыворотки (плазмы) крови для диагностики хронической интоксикации соединениями фосфора// Методическая рекомендация. -Шымкент,1993.-16с.

10. Гармонов С.Ю., Киселева Т.А., Салихов И.Г., Евгеньев М.И., Шитова Н.С., Полехина О.В., Погорельцев В.И. Оценка фенотипов ацетилирования и окисления у больных сахарным диабетом 2 типа // Нижегородский медицинский журнал. - 2005. - № 3. - С. 29-35.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж. Орманов – д.м.н., профессор, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru

Л.Н. Орманов – к.м.н., Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

У.Ж. Садырханова – к.м.н., ШМИ-МКТУ, г. Шымкент, Республика Казахстан

С.Б. Бисимбаева – к.м.н., Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

СВЕРХСЛАБОЕ СВЕЧЕНИЕ КРОВИ У БОЛЬНЫХ ТУБЕРКУЛЕЗОМ ЛЕГКИХ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ТИПА АЦЕТИЛИРОВАНИЯ

У больных туберкулезом легких в зависимости от типа ацетилирования происходит изменение сверхслабого свечения плазмы крови. Показатель интоксикации крови у сильного типа ацетилирования увеличивается на 69%, у среднего типа на 138%, а у слабого на 210%.

Ключевые слова: туберкулез легких, ацетилирования, сверхслабое свечения крови.

RESUME

N.Zh. Ormanov – doctor of medical sciences, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, ormanov48@mail.ru

L.N. Ormanova – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

U.ZH. Sadyrhanova – candidate of medical sciences, ICGS-Shmi, Shymkent, Republic of Kazakhstan

S.B. Bissimbaeva – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

HYPERWEAK DIMMER BLOOD OF PATIENTS WITH PULMONARY TUBERCULOSIS DEPENDING ON ACETYLTATION

In patients with pulmonary tuberculosis, depending on the type of acetylation is a change ultraweak glow plasma. The indicator of intoxication of blood in the strong type of acetylation is increased by 69%, the average type 138%, and 210% of the weak.

Key words: Pulmonary tuberculosis, acetylation, ultra-weak luminescence blood

ӘОК 612.017.+616.36.002

Н.Ж. Орманов – м.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, ormanov48@mail.ru.

Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Ұ.Ж. Садырханова – м.ғ.к., доцент м.а., ШМИ-ХҚТУ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

С.Б. Бисимбаева – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ҚАНЫНЫҢ ПЛАЗМАСЫНДА ЛИПИДТЕРДІҢ АСҚЫН ТОТЫҒУ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗДІ ИНФИЛЬТРАТЫ ТАРАЛҒАН СЫРҚАТТАРДЫҢ АЦЕТИЛДЕУ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРУ ЖАҒДАЙЫ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: Өкпе туберкулезді инфильтраты таралған сырқаттар қанының плазмасындағы липидтердің асқын тотығу (ЛАТ) өнімдерінің ацетилдеу түріне байланысты жағдайын зертеу.

Ғылыми мәліметтері бойынша туберкулез дертімен ауыратын науқастардың химиотерапияның жанама әсерлерінің жиілігі негізінен гомозиготті фенотипіне байланысты, туберкулезге қарсы дәрілердің әсерінен бауырдың зақымдануы Нр1-1 фенотипті науқастарда 51,6%-да орын алады

Өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған сырқаттардың жалпы тобының қанындағы ЛАТ өнімдерінің ауытқулары әртүрлі деңгейде орын алады. диенді қоспаның концентрациясы дені сау адамдар көрсеткішінің 232%-ын құрайды, ЛГАТ қоюлағуының мәні екі еседен артық, сырқаттардың қан плазмасындағы ТБК- ӘӨ-нің концентрациясының мәні дені сау адамдардың көрсеткішінің 177,4%-ын құрайды. Өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған сырқаттар плазмасындағы диенді қоспаның концентрациясы күшті ингибиторлы науқастарда өсу деңгейі 80,9%-ға тең, орта ингибиторлы түріндегі сырқаттарда бұл көрсеткіштің мәні бір еседен артық (103,7%) жоғарыласа, әлсіз ингибиторлы түріндегі сырқаттарда оның мәні дені сау адамдардың көрсеткішінің 270%-ын құрайды

Кілт сөздер: Өкпе туберкулезі, ацетилдеу, липидтердің асқын тотығуы, қан.

Кіріспе. Химиотерапияның әсерінен өкпе туберкулезді таралған науқастардың қанындағы липидтердің еркін радикалды асқын тотығуы мен антитотықтырғыш жүйесінің интегралдық көрсеткіші 1, 2 және 3 айлық емнен кейін күшті ингибиторлы топта 20,4%, 47,2% және 86%-ға ғана өссе, орта ингибиторлы топта 48,6%, 82% және 167,4%-ға, ал әлсіз ингибиторлы науқастарда 64,5%, 94,5% және 209,9%-ға сәйкес жоғарылады [1,2].

Жұмыстың мақсаты: Өкпе туберкулезді инфильтраты таралған сырқаттар қанының плазмасындағы ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу түріне байланысты жағдайын зертеу.

Зерттеу әдістері. Науқастардың қан эритроциттеріндегі ДҚ, ЛГАТ, ТБК-ӘӨ Арутюнян А.В., Андреева Л.И. [3], әдістерімен анықталды,

Зерттеу нәтижелері. Өкпе туберкулезінің ИТ сырқаттардың жалпы тобының қанындағы ЛАТ өнімдерінің ауытқулары әртүрлі деңгейде орын алады. диенді қоспаның концентрациясы дені сау адамдар көрсеткішінің 232%-ын құрайды, яғни өсу деңгейі 132,0%-ға тең, ЛГАТ қоюлағуының мәні екі еседен артық (219,2%) жоғарыласа, сырқаттардың қан плазмасындағы ТБК- ӘӨ-нің концентрациясының мәні дені сау адамдардың көрсеткішінің 177,4%-ын құрайды.

Өкпе туберкулезінің ИТ сырқаттардың ацетилдеу түріне байланысты қанындағы ЛАТ өнімдерінің ауытқулары әртүрлі деңгейде орын алады. (кесте).

Өкпе туберкулезінің ИТ сырқаттар плазмасындағы диенді қоспаның концентрациясы күшті ингибиторлы науқастарда сәйкес дені сау адамдар көрсеткішінің 180,5%-ын құрайды, яғни өсу деңгейі 80,9%-ға тең, орта ингибиторлы түріндегі сырқаттарда бұл көрсеткіштің мәні бір еседен артық (103,7%) жоғарыласа, әлсіз ингибиторлы түріндегі сырқаттарда оның мәні дені сау адамдардың көрсеткішінің 270%-ын құрайды, күшті және орта типті ингибиторлы сырқаттардың деңгейінен 49,21%-ға және 32,5%-ға жоғарғы деңгейде орын алады (1-ші кесте).

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

ЛГАТ-ның сырқаттардың қанындағы көрсеткіші күшті ингибиторлы науқастарда дені сау адамдардың деңгейінің 127,2%- құрайды, яғни өсу деңгейі 27,2%-ға тең болады, орта ингибиторлы сырқаттарда бұл көрсеткіштің деңгейі дені сау адамдардың 206% - ына тең болса, әлсіз ингибиторлы түріндегі сырқаттарда өсу деңгейі екі жарым еседен артық (277,5%), күшті және орта ингибиторлы типті сырқаттар көрсеткішінің 161,9% және 218,1 %-ды құрайды, яғни жоғарылау деңгейі бір жарым еседен артық және екі еседен артық мәнге тең болады.

Кесте 1 – Өкпе туберкулезді инфильтраты таралған сырқаттар қанының плазмасында ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу түріне байланысты жағдайы

Көрсеткіштер Топтар		ЛАТ өнімдері		
		ДҚ (Отб/ мг липидке)	ЛГАТ (Отб/ мг липидке)	ТБК-ӘӨ (нмоль-мг липидке)
1 Жалпы бақылау тобы		0,25 ± 0,003	0,26 ± 0,02	0,62 ± 0,03
Жалпы топ		0,58±0,03	0,57±0,03	1,1±0,14
Күшті ингибитор	1	0,21 ± 0,01	0,22±0,01	0,50±0,02
	2	0,38±0,02	0,28±0,01*	0,75±0,04 *
Орта ингибитор	1	0,27±0,01	0,28±0,02	0,65±0,04
	2	0,55 ± 0,03*	0,57±0,04*	1,36±0,17*
Әлсіз ингибитор	1	0,30±0,03	0,31±0,02	0,73±0,06
	2	0,81±0,04*	0,85 ± 0,07*	2,03±0,20 *
Нұсқама: * - p<0,05 –бақылау тобымен салыстырғандағы дәлдік көрсеткіш;1- бөлшектің алымында дені сау адамдардың көрсеткіші; 2- бөлімінде ӨТ ИТ сырқаттар;				

ИТ өкпе құртымен ауыратын сырқаттар қан плазмасындағы ТБК- ӘӨ-нің концентрациясы күшті ингибиторлық типінде сәйкес дені сау адамдардың көрсеткішінің 150% құраса, орта ингибиторлы түріндегі науқастарда бұл көрсеткіштің деңгейі дені сау адамдардың 210%-ын құрайды, әлсіз ингибиторлы сырқаттарда бұл көрсеткіштің деңгейі 279,0%,-ға жоғарылайды, күшті және орта ингибиторлы сырқаттардың 186% және 132%-на тең болады, яғни өсу деңгейі бір жарым еседен артық және 32% -ға жоғары болады.

Сонымен, өкпе туберкулезінің ИТ науқастардың қан құрамындағы ЛАТ-өнімдерінің шамадан тыс топталуы сырқаттардың ацетилдеу түріне тікелей байланысты, күшті ингибиторлы типінде шамасы жоғарыласа, әлсіз ингибиторлы типінде өте жоғары деңгейде болады.

Қорытынды

1.Өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған сырқаттардың жалпы тобының қанындағы ЛАТ өнімдерінің ауытқулары әртүрлі деңгейде орын алады. диенді қоспаның концентрациясы дені сау адамдар көрсеткішінің 232%-ын құрайды, ЛГАТ қоюлағуының мәні екі еседен артық, сырқаттардың қан плазмасындағы ТБК- ӘӨ-нің концентрациясының мәні дені сау адамдардың көрсеткішінің 177,4%-ын құрайды

2.Өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған сырқаттар плазмасындағы диенді қоспаның концентрациясы күшті ингибиторлы науқастарда өсу деңгейі 80,9%-ға тең, орта ингибиторлы түріндегі сырқаттарда бұл көрсеткіштің мәні бір еседен артық (103,7%) жоғарыласа, әлсіз ингибиторлы түріндегі сырқаттарда оның мәні дені сау адамдардың көрсеткішінің 270%-ын құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Инфильтраты шектелген өкпе туберкулезді науқастардың эритроциттеріндегі ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу типіне байланысты өзгеуі // «Қазақстан Фармациясы: ғылым,білім және өндіріс интеграциясы» Халықаралық ғылыми тәжірибелік конфер. матер. ОҚММА. -Шымкент. -2009(2). -341-342 бет.

2. Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастар жағдайының «Прооксидант-Антиоксидант» жүйесінің ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі // Здоровье и болезнь -2009. -№4(80)-С.113-115.

3. Арутюнян А.В., Дубинина Е.Е., Зыбина Н.А. Методы оценки свободнорадикального окисления и антиоксидантной системы организма. - Спб.: ИКФ-Фолиант, 2000. – 104 с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж. Орманов – д.м.н., профессор, Южно-Казakhstanская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru

Л.Н. Орманов – к.м.н., Южно-Казakhstanская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

У.Ж. Садырханова – к.м.н., ШМИ-МКТУ, г. Шымкент, Республика Казахстан

С.Б. Бисимбаева – к.м.н., Южно-Казakhstanская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

СОДЕРЖАНИЕ ПРОДУКТОВ ПЕРОКСИДАЦИИ ЛИПИДОВ КРОВИ У БОЛЬНЫХ ТУБЕРКУЛЕЗОМ ЛЕГКИХ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ТИПА АЦЕТИЛИРОВАНИЯ

У больных туберкулезом легких в зависимости от типа ацетилирования происходит изменение состояния ПОЛ в плазме крови. Содержание диеновых конъюгатов, гидроперекиси липидов и малонового диальдегида у сильного типа повышается на 30-27,2 %, у среднего на 1 раза и у слабого на в среднем -2,75 раза по сравнению с контролем.

Ключевые слова: Туберкулез легких, ацетилирования, продуктов пероксидации липидов крови.

RESUME

N.Zh. Ormanov – doctor of medical sciences, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, ormanov48@mail.ru

L.N. Ormanova – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

U.ZH. Sadyrhanova – candidate of medical sciences, ICGS-Shmi, Shymkent, Republic of Kazakhstan

S.B. Bissimbaeva – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

CONTENTS OF LIPID PEROXIDATION PRODUCTS OF BLOOD IN PATIENTS WITH PULMONARY TUBERCULOSIS DEPENDING ON ACETYLTATIONIN

Patients with pulmonary tuberculosis, depending on the type of acetylation changes the state of lipid peroxidation in blood plasma. The content of diene conjugates and lipid hydroperoxides in malonic dialdehyde is increased by the strong type 30-27,2%, the average 1-fold and weak on average -2.75 times compared with the control.

Keywords: Pulmonary tuberculosis, acetylation, blood lipid peroxidation products.

ӘОК 612.017.+616.36.002

Н.Ж. Орманов – м.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, ormanov48@mail.ru.

Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Ұ.Ж. Садырханова – м.ғ.к., доцент м.а., ШМИ-ХҚТУ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

С.Б. Бисимбаева – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ҚАНЫНЫҢ ЭРИТРОЦИТТЕРІНДЕГІ ЛИПИДТЕРДІҢ АСҚЫН ТОТЫҒУ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗДІ ИНФИЛЬТРАТЫ ТАРАЛҒАН СЫРҚАТТАР АЦЕТИЛДЕУ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҒДАЙЫ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: Өкпе туберкулезді инфильтраты таралған сырқаттар қанының эритроциттеріндегі липидтердің асқын тотығу өнімдерінің ацетилдеу түріне байланысты жағдайын зертеу,

Алынған мәліметтер өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған түрімен ауыратын сырқаттар қанының эритроциттерінде липидтердің асқын тотығу(ЛАТ) өнімдерінің көрсеткіші науқастардың ацетилдеу үрдісіне байланысты болып, әлсіз ингибиторлы типті сырқаттарда ең үлкен мәнге ие болады.Диенді қоспаның деңгейі, әлсіз ингибиторлы науқастардың көрсеткіші күшті және орта ингибиторлылардың деңгейінен бір еседен жоғары (185%) және 86,5%-ға өседі .ЛГАТ концентрациясы күшті және орта ингибиторлы сырқаттардың көрсеткішіне қарағанда екі еседен артық (238%) және 110%-ға жоғарылайды,ТБК-ӘӨ эритроциттеріндегі концентрациясы ең үлкен мәнге ие болады және жоғарылау деңгейі сәйкес дені сау адамдардың көрсеткішімен салыстырғанда екі еседен артық (203,4%) жоғарылайды

Кілт сөздер: Өкпе туберкулезі , ацетилдеу, липидтердің асқын тотығы,қан, эритроциттер.

Кіріспе.Ғылыми-практикалық медицинаның өзекті мәселелерінің бірі туберкулезге қарсы күрес болып табылады. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары туберкулезімен ауырған науқастардың саны 113%-ға дейін көтеріліп, оның күрделі асқынған түрлері жыл сайын адам өліміне әкеліп соғуда [70]. Туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеу барысында туберкулоз статиктердің кейбір жағымсыз әсерлері байқалады. Ғылыми деректер бойынша туберкулезге қарсы химиотерапиялық заттардың теріс, жағымсыз жанама әсерлері 13% және 61,3%-да орын алады [1].

Химиотерапияның әсерінен өкпе туберкулезді таралған науқастардың қанындағы липидтердің еркін радикалды асқын тотығуы мен антиотықтырғыш жүйесінің интегралдық көрсеткіші 1, 2 және 3 айлық емнен кейін күшті ингибиторлы топта 20,4%, 47,2% және 86%-ға ғана өссе, орта ингибиторлы топта 48,6%, 82% және 167,4%-ға, ал әлсіз ингибиторлы науқастарда 64,5%, 94,5% және 209,9%-ға сәйкес жоғарылады[2,3].

Жұмыстың мақсаты: Өкпе туберкулезді инфильтраты таралған сырқаттар қанының эритроциттеріндегі ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу түріне байланысты жағдайын зертеу

Зерттеу әдістері. Науқастардың қан эритроциттеріндегі ДҚ, ЛГАТ, ТБК-ӘӨ Арутюнян А.В., Андреева Л.И. [4], әдістерімен анықталды,

Зерттеу нәтижелері. Сырқаттардың күшті ингибиторлық типінің эритроциттеріндегі диенді қоспаның деңгейі дені сау адамдардағы мөлшеріне қарағанда 41,6%-ға жоғарласа, орта типінлегі науқастардың эритроциттерінде өсу деңгейі бір еседей болады, әлсіз ингибиторлы сырқаттардың қанының эритроциттеріндегі концентрациясы сәйкесінше дені сау адамдардың көрсеткішінен екі еседей (203%) жоғарылайды, әлсіз ингибиторлы науқастардың көрсеткіші күшті және орта ингибиторлылардың деңгейінен бір еседен жоғары (185%) және 86,5%-ға өседі (1-ші кесте).

Күшті ингибиторлы типті науқастардың эритроциттеріндегі ЛГАТ концентрациясы сәйкесінше дені сау адамдардың көрсеткішімен салыстырғанда 39,8%-ға жоғары болса, орта ингибиторлы типті сырқаттарда өсу деңгейі бір еседен артық (109%) болады, әлсіз ингибиторлы

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

тобында бұл көрсеткіштің мәні дені сау адамдардың эритроциттеріндегі ЛГАТ деңгейімен салыстырғанда 203,4%-ға жоғарлайды, ал күшті және орта ингибиторлы сырқаттардың көрсеткішіне қарағанда екі еседен артық (238%) және 110%-ға жоғарылайды.

ЛАТ көрсеткішінің соңғы өнімдерінің бірі ТБК-ӨӨ-нің эритроциттеріндегі концентрациясы күшті ингибиторлы типті сырқаттардың сәйкес дені сау адамдардың деңгейінен 34,9%-ға жоғарыласа, орта ингибиторлы сырқаттарда бұл көрсеткіштің деңгейі 99,9%-ға өседі, әлсіз ингибиторлы сырқаттарда ТБК-ӨӨ эритроциттеріндегі концентрациясы ең үлкен мәнге ие болады және жоғарылау деңгейі сәйкес дені сау адамдардың көрсеткішімен салыстырғанда екі еседен артық (203,4%) жоғарылайды.

Алынған мәліметтер өкпе туберкулезінің инфильтраты таралған түрімен ауыратын сырқаттар қанының эритроциттерінде ЛАТ өнімдерінің көрсеткіші науқастардың ацетилдеу үрдісіне байланысты болып, әлсіз ингибиторлы типті сырқаттарда ең үлкен мәнге ие болады.

Кесте 1 – Өкпе туберкулезді инфильтраты таралған науқастар қанының эритроциттеріндегі ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі

Көрсеткіштер Топтар		ДҚ (отб.мг/ липидке)	ЛГАТ (отб. мг/ липидке)	ТБК-ӨӨ ммоль/мг
Бақылау тобы (жалпы)		0,27 ± 0,003	2,25 ± 0,13	40,2 ± 2,1
Күшті ингибитор	1	0,24 ± 0,01	1,86 ± 0,09	32,9 ± 0,21
	2	0,34 ± 0,03*	2,60 ± 0,03*	44,4 ± 3,12*
Орташа ингибитор	1	0,26 ± 0,01	2,00 ± 0,01	41,5 ± 1,10
	2	0,52 ± 0,03*	4,19 ± 0,25*	82,6 ± 4,3*
Әлсіз ингибитор	1	0,32 ± 0,01	2,90 ± 0,22	47,4 ± 2,60
	2	0,97 ± 0,04*	8,8 ± 0,34*	143,2 ± 16,3*

Нұсқама: * - p<0,05 – сәйкес бақылау тобымен салыстырғандағы дәлдік көрсеткіш; 1- бөлшектің алымында дені сау адамдардың көрсеткіші; 2- бөлімінде ӨТ ИТ сырқаттардың көрсеткіші.

Сонымен, өкпе туберкулезінің ИТ науқастар қаны құрамындағы ЛАТ-өнімдерінің шамадан тыс топталу сырқаттардың ацетилдеу түріне тікелей байланысты, күшті ингибиторлы типінде шамасы жоғарыласа, әлсіз ингибиторлы түрінде өте жоғары деңгейде болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Ташбулатова Ф.К. Профилактика побочных реакции противотуберкулезных препаратов при туберкулезе легких у больных с различным генетическим фоном// Проблемы туберкулеза и болезней легких. -2003. - №6. - С. 17-20.
2. Панова Л.В., Овсянкина Е.С. Частота развития и виды побочных реакций на химиотерапию у подростков, больных туберкулезом /Проблемы туберкулеза, 2003, № 1.- С. 28-30.
- 3.Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Инфильтраты шектелген өкпе туберкулезді науқастардың эритроциттеріндегі ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу типіне байланысты өзгеруі// «Қазақстан Фармациясы: ғылым,білім және өндіріс интеграциясы» Халықаралық ғылыми тәжірибелік конфер. матер. ОҚММА. -Шымкент. -2009(2). -341-342 бет.
4. Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастар жағдайының «Проксидант-Антиоксидант» жүйесінің ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі // Здоровье и болезнь -2009. -№4(80)-С.113-115.
- 5.Әділбекова Д.А., Орманов Н.Ж.,Жумабаев У.А. Использование хемиллюминесцентного свойства сыворотки (плазмы) крови для диагностики хронической интоксикации соединениями фосфора// Методическая рекомендация. -Шымкент,1993.-16с.
6. Арутюнян А.В., Дубинина Е.Е., Зыбина Н.А. Методы оценки свободнорадикального окисления и антиоксидантной системы организма. - Спб.: ИКФ-Фолиант, 2000. – 104 с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж. Орманов – д.м.н., профессор, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru
Л.Н. Орманов – к.м.н., Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия,

г. Шымкент, Республика Казахстан
У.Ж. Садырханова – к.м.н., ШМИ-МКТУ, г. Шымкент, Республика Казахстан
С.Б. Бисимбаева – к.м.н., Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия,
г. Шымкент, Республика Казахстан

**СОДЕРЖАНИЕ ПРОДУКТОВ ПЕРОКСИДАЦИИ ЛИПИДОВ ЭРИТРОЦИТАХ КРОВИ У
БОЛЬНЫХ ТУБЕРКУЛЕЗОМ ЛЕГКИХ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ТИПА
АЦЕТИЛИРОВАНИЯ**

У больных туберкулезом легких в зависимости от типа ацетилирования происходит изменение состояния ПОЛ в эритроцитах крови. Содержание диеновых конъюгатов, гидроперекиси липидов и малонового диальдегида у сильного типа повышается на 41,6-34,9 %, у среднего на 1 раза и у слабого на 2,0 раза по сравнению с контролем.

Ключевые слова: Туберкулез легких, ацетилирования, продуктов пероксидации липидов в эритроцитах крови.

RESUME

N.Zh. Ormanov – doctor of medical sciences, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, ormanov48@mail.ru
L.N. Ormanova – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan
U.ZH. Sadyrhanova – candidate of medical sciences, ICGS-Shmi, Shymkent, Republic of Kazakhstan
S.B. Bissimbaeva – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

**CONTENTS OF LIPID PEROXIDATION PRODUCTS OF RED BLOOD CELLS IN
PATIENTS WITH PULMONARY TUBERCULOSIS DEPENDING ON ACETYLTATION**

In patients with pulmonary tuberculosis, depending on the type of acetylation changes the state of lipid peroxidation in erythrocytes. The content of diene conjugates and lipid hydroperoxides malondialdehyde in heavy type is increased by 41,6-34,9%, the average 1-fold and 2.0-fold weaker in comparison with the control.

Key words: Pulmonary tuberculosis, acetylation, lipid peroxidation products in the blood eritrotstisat.

ӘОК 612.017.+616.36.002

Н.Ж. Орманов – м.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, ormanov48@mail.ru
Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
Ұ.Ж. Садырханова – м.ғ.к., доцент м.а., ШМИ-ХҚТУ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
С.Б. Бисимбаева – м.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

**ИНФИЛЬТРАТЫ ТАРАЛҒАН ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗБЕН АУЫРАТЫН
НАУҚАСТАР ҚАН ПЛАЗМАСЫНДАҒЫ ӘЛСІЗ ЖАРҚЫРАУДЫҢ КӨРСЕТКІШІНІҢ
ХИМИОТЕРАПИЯНЫҢ ӘСЕРІНЕН АЦЕТИЛДЕУ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҒДАЙЫ**

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: Инфильтраты таралған өкпе туберкулезімен науқастар қаны плазмасындағы хемилюминесценттік көрсеткішінің химиотерапияның әсерінен ацетилдеу түріне

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

байланысты өзгеруін зертеу. Күшті ингибиторлы топтардағы сырқаттарда ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда 1, 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін 9,9%, 34,7% және 41,3% -ға өссе, ал орта ингибиторлы топтағы сырқаттарда бұл көрсеткіштің өсу деңгейі 30,5%, 33,3% және 55,5% құрайды, ал әлсіз ингибиторлы топтағы сырқаттардың ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 43,1%, 41% және 62,4% -ға өседі.

Сонымен зерттеулер нәтижесінде алынған деректер өкпе туберкулезінің инфильтраты шектелген түрімен ауыратын науқастардың ацетилдеу түріне байланысты химиотерапияның әсерінен әр түрлі деңгейде өзгереді, күшті ингибиторлы түріндегі сырқаттардың қан плазмасындағы хемилюминесценттік көрсеткіштері жалпы топтың көрсеткішіне қарағанда төмендесе, ал әлсіз ингибиторлы тобында әлсіз жарқыраудың параметрлері едәуір жоғарғы деңгейде болатынын көрсетеді.

Кілт сөздер: өкпе туберкулезі, қан, хемилюминесценттік көрсеткіші, химиотерапия, ацетилдеу.

Кіріспе. Ағзалардың және жасушалардың жұмыс істеу қабілетінің химиотерапиялық кешендердің әсерінен зақымдануы дербес орын алатын патобиохимиялық үрдістердің бірі. Ол - липидтердің асқын тотығу өнімдерінің биологиялық мембранада және биортада көбірек топтасуы әсерінен патологиялық жағдайға душар болуына негізгі себеп. [1,2] Химиотерапиялық препараттардың әсерінен бауыр ағзаларының зақымдануын 10 жылдан астам Н.П. Скакун және оның әріптестері [3] зерттеген, олардың мәліметтері бойынша туберкулопатиктердің әсерінен липидтердің асқын тотығу үрдісі қуаттанып, биологиялық мембраналардың жұмысын бұзып, патологиялық жағдайға душар етеді де, негізінен гепатоциттердің зақымдануына алып келеді. Өзбекстандық ғалымдардың мәліметтері бойынша туберкулез дертімен ауыратын науқастардың жиілігі негізінен гомозиготті фенотипіне байланысты, химиотерапияның әсерінен бауырдың зақымдануы Нр1-1 фенотипті науқастарда 51,6%-да орын алады [4]. Суханов Д.С., [5] деректері бойынша гепатитпен ауырған науқастардың химиотерапия әсерінен 70%-да бауыр қызметінің бұзылғандығы орын алды.

Кесте 1 – Инфильтраты таралған өкпе туберкулезімен науқастар қаны плазмасындағы хемилюминесценттік көрсеткішінің химиотерапияның әсерінен ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі

Көрсеткіштер	Хемилюминесценциялық көрсеткіштер			ХЛУК (шб)	
	Спонтанды (кв/сек)	ӘЖЖҚ (10 ³ кв)	АТРТЖ (кв/сек)		
Жалпы топ	1	7,8 ± 0,47	74,9 ± 3,1	250 ± 15,1	2,29 ± 0,09
	2	9,8±0,36*	94,4±3,2*	313±10,2*	2,88±0,11*
	3	10,8±0,30*	103,6±3,9*	343±10,3*	3,17±0,09*
Күшті ингибитор	1	5,5 ± 0,27	56,1 ± 2,8	187 ± 9,3	1,61 ± 0,04
	2	6,1±0,18*	62 ± 1,6*	207±8,4 *	1,79±0,03*
	3	6,9±0,03*	70,1 ± 3,2*	233± 6,4*	2,02±0,03*
Орташа ингибитор	1	7,8 ± 0,31	79,2 ± 3,1	264 ± 13,1	2,29±0,03
	2	9,4 ± 0,25*	94,3 ± 3,3*	314±10,6*	2,76±0,03*
	3	10,1 ± 0,15*	102 ± 3,6*	340±9,6*	2,97±0,02*
Әлсіз ингибитор	1	10,2 ± 0,33	102,3 ± 4,3	341 ± 10,2	3,0±0,02
	2	14,0 ± 0,10*	132 ± 5,4*	440±15,2*	4,12±0,03*
	3	15,4 ± 0,08*	156 ± 4,3*	520±20,8*	4,53±0,03*

Нұсқама: 1 – химиотерапияға дейінгі көрсеткіш;
2 – 3 айлық ХТ-дан кейінгі көрсеткіш;
3 – 6 айлық ХТ-дан кейінгі көрсеткіш;
* - p<0,05 химиотерапияға дейінгі көрсеткішпен салыстырғандағы дәлдік көрсеткіш;

Жұмыстың мақсаты: Инfiltrаты таралған өкпе туберкулезімен науқастар қаны плазмасындағы хемилюминесценттік көрсеткішінің химиоте-рапияның әсерінен ацетилдеу түріне байланысты өзгеруін зертеу

Зерттеу әдістері. Қан плазмасының хемилюминесценттік қасиеттері Орманов Н.Ж. [6] әдісімен анықталды

Зерттеу нәтижелері. ИТ(Инfiltrаты таралған) ӨТ(өкпе туберкулезі) сырқаттардың қан плазмасындағы еркін радикалды тотығу үрдісінің деңгейлері 1, 3 және 6 айлық туберкулезге қарсы химиотерапия әсерінен ағзаның ацетилдеу түріне байланысты әртүрлі деңгейде өзгереді.

Инfiltrаты таралған өкпе туберкулезбен ауыратын науқастардың қан плазмасының хемилюминесценттік қасиетінің химиотерапия әсерінен ацетилдеу түріне байланысты ауытқулары 1-кестеде көрсетілген.

Күшті ингибиторлы типінде сырқаттардың қанының плазмасындағы спонтанды әлсіз жарқыраудың деңгейі үш айлық химиотерапиялық емдік кешеннің әсерінен емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 10%-ға жоғарыласа, 6 айлық туберкулезге қарсы химиотерапияның әсерінен өсу деңгейі 25,4%-ға тең болды. Спонтанды әлсіз жарқыраудың орташа ингибиторлы типті сырқаттарда 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін өсу деңгейі 20,5% және 29,5% -ға тең болды, бұл көрсеткіштің әлсіз ингибиторлы сырқаттарда 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда 37,2%, және 50,9%-ға жоғарылайды. ӨТ инfiltrаты таралған күшті ингибиторлы сырқаттардың қан плазмасындағы спонтанды әлсіз жарқыраудың деңгейі науқастардың жалпы тобына қарағанда 3 және 6 айлық ХТ-нің әсерінен 37,8% және 36,2%-ға төмендейді.

Иницирленген жалпы жарқыраудың деңгейі жалпы топтағы сырқаттардың сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда күшті ингибиторлы топтағы науқастарда 3 және 6 айлық химиотерапияның әсерінен 34,3%-ға және 32,3%-ға төмендесе, орташа ингибиторлы топтағы сырқаттарда бұл көрсеткіштің айырмашылығы сенімсіз түрде болады, ал әлсіз ингибиторлы топтағы сырқаттарда бұл көрсеткіштің деңгейі сәйкес жалпы топтағы сырқаттарға қарағанда 39,8%-ға және 50,6 %-ға жоғарғы деңгейде орын алды.

Осындай өзгерістер асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығын зерттегенде де байқалды.

Жоғарыда көрсетілген ауытқулар сырқаттардың ацетилдеу түріне байланысты химиотерапиялық емнен кейін хемилюминесценциялық уыттану көрсеткішін анықтағанда орын алды. Күшті ингибиторлы ХЛУК типті сырқаттардың 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін ХЛУК жалпы топтағы сәйкес көрсеткішке қарағанда 32% және 39%-ға төмендесе, ал орташа ингибиторлы тобында өзгеріссіз болып, әлсіз ингибиторлы науқастарда 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін 43% және 42,9%-ға жоғарылады.

Күшті ингибиторлы топтардағы сырқаттарда ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін 11,1% және 25,4 % -ға өссе, ал орта ингибиторлы топтағы сырқаттарда бұл көрсеткіштің өсу деңгейі 20,5%, және 29,6% құрайды, ал әлсіз ингибиторлы топтағы сырқаттардың ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 37,3% және 51% -ға өседі.

Сонымен зерттеулер нәтижесінде алынған деректер өкпе туберкулезінің инfiltrаты таралған түрімен ауыратын науқастардың ацетилдеу түріне байланысты химиотерапияның әсерінен әлсіз жарқырау әр түрлі деңгейде өзгереді, күшті ингибиторлы түріндегі сырқаттардың қан плазмасындағы хемилюминесценттік көрсеткіштері жалпы топтың көрсеткішіне қарағанда төмендесе, ал әлсіз ингибиторлы тобында әлсіз жарқыраудың параметрлері едәуір жоғарғы деңгейде болатынын көрсетеді.

Қорытынды

1. Күшті ингибиторлы типті сырқаттардың 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін ХЛУК жалпы топтағы сәйкес көрсеткішке қарағанда 32% және 39%-ға төмендесе, ал орташа ингибиторлы тобында өзгеріссіз болып, әлсіз ингибиторлы науқастарда 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін 43% және 42,9%-ға жоғарылады.

2. Күшті ингибиторлы топтардағы сырқаттарда ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін 11,1% және 25,4% -ға өссе, ал орта ингибиторлы топтағы сырқаттарда бұл көрсеткіштің өсу деңгейі 20,5%, және 29,6% құрайды, ал әлсіз ингибиторлы топтағы сырқаттардың ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 37,3% және 51% -ға өседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Инфильтраты шектелген өкпе туберкулезді науқастардың эритроциттеріндегі ЛАТ өнімдерінің ацетилдеу типіне байланысты өзгеуі // «Қазақстан Фармациясы: ғылым, білім және өндіріс интеграциясы» Халықаралық ғылыми тәжірибелік конфер. матер. ОҚММА. - Шымкент. - 2009(2). - 341-342 бет.

2. Бисимбаева С.Б., Орманов Н.Ж. Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастар жағдайының «Прооксидант-Антиоксидант» жүйесінің ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі // Здоровье и болезнь - 2009. - №4(80) - С.113-115.

3. Скакун Н.П., Табачук О.Е. Сравнительная гепатоксичность изониазида, рифампицина и этамбутола // Проблемы туберкулеза. - 1991. - №10. - С.77-79.

4. Ташбулатова Ф.К. Профилактика побочных реакции противотуберкулезных препаратов при туберкулезе легких у больных с различным генетическим фоном // Проблемы туберкулеза и болезней легких. - 2003. - №6. - С. 17-20.

5. Суханов Д.С., Журавский С.Г., Иванов А.К. Лекарственное поражение печени на фоне химиотерапии у больных туберкулезом легких в зависимости от фенотипа N-ацетилирования // Вестник Санкт-Петербургской государственной медицинской академии им. И.И. Мечникова. - 2006. - №4. - С.143-147.

6. Орманов Н.Ж., Әділбекова Д.А., Жумабаев У.А. Использование хемилюминесцентного свойства сыворотки (плазмы) крови для диагностики хронической интоксикации соединениями фосфора // Методическая рекомендация. - Шымкент, 1993. - 16с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж. Орманов – д.м.н., профессор, Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru

Л.Н. Орманов – к.м.н., Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

У.Ж. Садырханова – к.м.н., ШМИ-МКТУ, г. Шымкент, Республика Казахстан

С.Б. Бисимбаева – к.м.н., Южно-Казахстанская Государственная Фармацевтическая Академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

СОСТОЯНИЕ СВЕРХСЛАБОГО СВЕЧЕНИЯ ПЛАЗМЫ КРОВИ У БОЛЬНЫХ ТУБЕРКУЛЕЗОМ ЛЕГКИХ С РАСПОСТРАНЕННЫМ ИНФИЛЬТРАТОМ ПОСЛЕ ХИМОТЕРАПИИ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ТИПОВ АЦЕТИЛИРОВАНИЯ

У больных туберкулезом легких в процессе антибактериальной химиотерапии в зависимости от типа ацетилирования происходит изменение сверхслабого свечения плазмы крови. Хемилюминесцентный показатель интоксикации крови у сильного типа ацетилирования после 3 и 6 месячной химиотерапии увеличивается на 11,1% и 25,4%, у среднего типа на 20,5% и 29,6%, а у слабого на 37,3% и 51% по сравнению до химиотерапии.

Ключевые слова: туберкулез легких, химиотерапия, ацетилирования, происходит сверхслабого свечения плазмы крови

RESUME

N.Zh. Ormanov – doctor of medical sciences, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan, ormanov48@mail.ru

L.N. Ormanova – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

U.ZH. Sadyrhanova – candidate of medical sciences, ICGS-Shmi, Shymkent, Republic of Kazakhstan

S.B. Bissimbaeyva – candidate of medical sciences, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

STATE ULTRAWEAK GLOW BLOOD PLASMA IN PATIENTS PULMONARY INFILTRATES PROLIFERATION AFTER CHEMOTHERAPY DEPENDING ON THE TYPES OF ACETYLTATION

In patients with pulmonary tuberculosis in antibacterial chemotherapy, depending on the type of acetylation changes the ultraweak glow plasma. Chemiluminescent indicator of intoxication of blood in the strong type of acetylation after 3 and 6-month chemotherapy increased by 11.1% and 25.4%, the average type 20.5% and 29.6%, and 37.3% poor and 51 % compared to chemotherapy.

Key words: pulmonary tuberculosis, chemotherapy, acetylation, occurs ultraweak glow plasma

ӘОЖ: 616.381-002.-089.168:615.456

Н.Ж. Орманов – м.ғ.д., профессор, ОҚМФА. Шымкент қ, Қазақстан Республикасы,
ormanov48@mail.ru

Б.Н Орманов. – м.ғ.к., доцент, ОҚМФА. Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

Н.С.Жанабаев-PhD Доктарант Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Шымкент медицина институты

Құрбанов А.А. –м.ғ.к., ОҚМФА. Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

ЖЕРГІЛІКТІ ПЕРИТОНИТТІ СЫРҚАТТАРҒА ФАРМАКОТЕРАПИЯЛЫҚ КЕШЕНМЕН ЕМДЕУ КЕЗІНДЕГІ ТІКЕЛЕЙ, ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЖӘНЕ АУРУДЫҢ ТОЛЫҚ ҚҰНЫ МЕН ХЕМИЛЮМИНЕСЦЕНТТІК УЫТТАНУ КӨРСЕТКІШІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация

Жұмыстың мақсаты: жергілікті перитонитті сырқаттарға фармакотерапиялық кешенмен емдеу кезіндегі тікелей, тікелей емес және аурудың толық құны мен хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің жағдайы бағалау.

Жергілікті перитонитті науқастарға иммуномодулинді 1 рет күніне 1,0 мл мөлшерде тері астына енгізіп, дәстүрлі антибактериалды еммен қоса қолданғанда (метрогил мен гентамицин хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің (ХЛУК) деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 40,4%-ға сәйкес төмендеді.

Сонымен, зертеу кезінде алынған мәліметтер дәстүрлі антибактериалды терапияның құрамына иммуномодулинді енгізгенде емдік кешеннің әсерінен науқастардың қанының антирадикалды қасиеті сәйкес антибактериалды емдік топтарға қарағанда 65,1%-ға және 52,9%-ға жоғарылайды, осылай деп тұжырымдауға негізгі себеп хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің (ХЛУК) деңгейлерінің 39,5%-ға төмендеуі.

Кілт сөздер: Жергілікті перитонит, тікелей және аурудың толық құны мен хемилюминесценттік уыттану көрсеткіші.

Кіріспе.Қазіргі таңдағы хирургияның және қарқынды емнің айқын жетістіктеріне қарамастан, жедел іріңді перитонит емінің мәселесі өзекті болып қала беруде. Бұл ауру кезіндегі өлім-жітім мөлшері түрлі авторлардың мәліметтері бойынша 48%-дан 65%-ға дейін жетеді [1,2]. Іріңді перитонит кезіндегі қарқынды емнің күрделеніп, қиындауының негізгі себептері болып эндогенді уыттанумен күресудің қиыншылықтары, орталық және перифериялық қан қозғалысының ауыр бұзылыстары және жүйелік және тіндік метаболизмнің ауытқулары табылады [3,4].

Осыған байланысты перитонит ауруын ерте емдеу – алдын-алу іс-шараларын өткізу ең жоғары клиникалық және экономикалық нәтижелер береді. Фармацевтикалық нарықтағы антибиотиктерді иммуномодулинмен бірге сырқаттарды оңтайлы емдеу үшін қолдану өзекті мәселенің бірі [4,5].

Жұмыстың мақсаты: жергілікті перитонитті сырқаттарға фармакотерапиялық кешенмен емдеу кезіндегі тікелей, тікелей емес және аурудың толық құны мен хемилюминесцент-тік уыттану көрсеткішінің жағдайы бағалау.

Зерттелген топтар және зерттеу әдістері. Жұмыстың міндеттеріне сәйкес 50 дені сау адам және жергілікті перитонитпен ауыратын 120 науқас зерттеуге алынды. Олар фармакотерапиялық

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

кешендермен емдеуге байланысты төрт топқа бөлінді. 1-топтағы сырқаттар: **ФТК-1:** метрогил (100мл), гентамицин (80мг). 2-топ: **ФТК-2:** метрогил (100мл) цефамизин (1,0мг), 3-топ: **ФТК-3:** метрогил (100мл) цефамизин (1,0мг), иммуномодулин (1мл), 4-топ **ФТК-4:** метрогил (100мл), гентамицин (80мг) және иммуномодулин (1мл) дәрілерін нұсқау бойынша күнара бір рет қабылдады. Емдеу - бақылау мерзімі 10 күн. Жұмыстың міндеттеріне сәйкес 50 дені сау адам және жергілікті перитонитті 120 сырқаттар алынды. Фармакотерапиялық кешендердің фармакоэкономикалық жағдайын зерттеу үшін дәрілік заттардың бағаларын «Еврофарма» фирмасының құны арқылы зерттедік. Есептеу стандарттық әдіс бойынша зерттелінді Қан плазмасының хемилюминесценттік қасиеттері Орманов Н.Ж. [6] әдісімен анықталды [5,6]. Бұл зерттеулер емге дейін, 3, 5, 7 күн және 10 күннен кейін қолданылды.

Перитонитті наукастар қанындағы эндогенді уыттанудың деңгейін анықтау %шіні хемилюминесценттік уыттану көрсеткіші (ХЛУК) келесі формула арқылы анықталынды:

$$ХЛУК = \frac{ХЛ_{СЖ} + ХЛ_{ИЖЖЖҚ} + АТРТЖ}{3}$$

3

мндағы: ХЛ - хемилюминесценция, СЖ - спонтанды жарқырау, ИЖЖЖҚ – иницирленген жарқыраудың жалпы жарық қосындысы, АТРТЖ – асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығы.

Зерттеу нәтижелері. Жергілікті перитонитті сырқаттарға фармакотерапиялық кешенмен емдеу кезіндегі тікелей, тікелей емес және аурудың толық құны 1 кестеде көрсетілген. Аурудың толық құны бірінші ФТК-де 83993,7 т құраса, 2- ші ФТК-да 84811,9 тенгені, 3-ші ФТК-да шығынның мөлшері 80514,5 т құраса, 4- ші ФТК-да 78989,5 т құрады, яғни 2-ші ФТК –дегі аурудың толық құны 1- ші топқа қарағанда 818,2 теңгеге қымбаттайды, ал 3- ші топта 361,5 теңгеге немесе 72,3%- ға азайады, ал 4- ші кешенде 5004,2 теңгеге төмендейді, яғни 6%-ға . Сонымен, аурудың толық құнының ең төменгісі 4- ші ФТК- да орын алса, ең жоғарғысы 2- ші ФТК- да орын алды.

Кесте-1 Жергілікті перитонитті сырқаттарға фармакотерапиялық кешенмен емдеу кезіндегі тікелей, тікелей емес және аурудың толық құны

топтар	Тікелей шығын (тенге)	Тікелей емес шығын (тенге)	Аурудың толық құны (тенге)
1-ші ФТК	72627,1	11366,6	83993,7
2-ші ФТК	73445,3	11366,6	84811,9
3-ші ФТК	72350	8164,5	80514,5
4-ші ФТК	71545,8	7443,7	78989,5

Метрогил мен гентамицинді дәстүрлі егу әдісті фармакотерапиядан кейін жергілікті перитонитті наукастар қан гемолизатының хемилюминесценттік көрсеткіштерінде 10 тәуліктен кейін шамалы өзгерістер байқалды.

Кесте 2 - Жергілікті перитонитті наукастар қанының гемолизатының хемилюминесценттік көрсеткіштеріне иммуномодулинантибиотико-терапияның әсері

Көрсеткіштер	Емге дейін		Ем уақыты (тәуліктер)		
			3–ші теулік	5-ші теулік	10-шы тәулік
ХЛУК (шартты бірлік) 1,0±0,04	2,6±0,13	1	2,5±0,10	2,21±0,10	1,80±0,08
		2	2,4±0,08	1,84±0,09	1,56±0,08
		3	1,43±0,08*	1,10±0,08*	1,02±0,06*
		4	1,55±0,08*	1,17±0,08*	1,09±0,08*

Нұсқама: 1.ФТК-1, 2. ФТК-2 ,3. ФТК-3, 4. ФТК-4,

* p<0,05 - дәстүрлі антибиотикотерапиялық топпен салыстырғандағы дәлдік коэффициент

Он күндік дәстүрлі антибактериалды емнен кейін жергілікті перитонитті науқастар қанындағы хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің (ХЛУК) деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 30,7%-ға төмендеді(кесте-2).

Метрогил мен цефамизинді дәстүрлі егу әдісті фармакотерапиядан кейін жергілікті перитонитті науқастар қан гемоллизатының хемилюминесценттік көрсеткіштерінде 10 тәуліктен кейін шамалы өзгерістер байқалды. Он күндік дәстүрлі антибактериалды емнен кейін жергілікті перитонитті науқастар қанындағы хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің (ХЛУК) деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 40%-ға төмендеді

Иммуномодулинді күніне бір рет 1,0мл мөлшерде тері астына енгізіп, дәстүрлі антибактериалды еммен қоса қолданғанда (метрогил мен цефамизинді), жергілікті перитонитті науқастар қанындағы хемилюминесценттік көрсеткіштер емнің үшінші тәулігінен соң едәуір төмендеді: хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің (ХЛУК) деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 42,4%-ға сәйкес төмендеді.

Жергілікті перитонитті науқастарға иммуномодулинді 1 рет күніне 1,0 мл мөлшерде тері астына енгізіп, дәстүрлі антибактериалды еммен қоса қолданғанда (метрогил мен гентамицин хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің (ХЛУК) деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 40,4%-ға сәйкес төмендеді.

Сонымен, зертеу кезінде алынған мәліметтер дәстүрлі антибактериалды терапияның құрамына иммуномодулинді енгізгенде емдік кешеннің әсерінен науқастардың қанының антирадикалды қасиеті сәйкес антибактериалды емдік топтарға қарағанда 65,1%-ға және 52,9%-ға жоғарылайды, осылай деп тұжырымдауға негізгі себеп хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің (ХЛУК) деңгейлерінің 39,5%-ға төмендеуі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шелестюк, П.И. Блажитко, Е.М. Ефремов, А.В. Перитонит. - Новосибирск: Наука, 2000.- 302с. ISBN 5-7035-0176-8
2. Гостищев, В.К. Сажин, В.П. Авдовенко, А.Л. Перитонит.–М.: ГЭОТАР-МЕД, 2002.–240 с.
3. Тайгулов,Е.А. Сатвалдиев, С.А. Миронюк, Н.В. и др. Применение эритроцитарных фармакоцитов и озонотерапии у экспериментальных животных разлитым перитонитом // Перспективы развития хирургии в 3 тысячелетии. Часть 2. - Астана, 2000. - С.326-330.
4. Орманов, Б.Н. Влияние иммуномодулина на перекисное окисление липидов и антиоксидантный статус больных с острым сальпингоофоритом // Здоровье и болезнь-2004.
5. Орманов, Б.Н. Клиническая эффективность различных способов антибиотикотерапии в сочетании с иммуномодулином у больных с острым сальпингоофоритом // Наука и образование на пороге XXI века: Труды международной научной конференции, посвященной 10-летию ЮКГИ им. М.Сапарбаева. - Шымкент, 2004. - Т.2. - С.321-325.
6. Цыбин, А. К. Фармакоэкономика проблемы и пути дальнейшего развития 2000. — № 6(15). — С. 21-24.
7. Орманов Н.Ж., Әділбекова Д.А., Жумабаев У.А. Использование хемилюминесцентного свойства сыворотки (плазмы) крови для диагностики хронической интоксикации соединениями фосфора// Методическая рекомендация. -Шымкент,1993.-16с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж.Орманов. – д.м.н., профессор, ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан,
ormanov48@mail.ru

Т.Н. Орманов- к. б .н., ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан

Н.С.Жанабаев-PhD Доктарант ШМИ,МКТУ Шымкент,Республика Казахстан

А.А. Курбанов-к. м. н., ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан

ИЗМЕНЕНИЕ ПОЛНУЮ СТОИМОСТЬ БОЛЕЗНИ И ХЕМИЛЮМИНСЦЕНТНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ИНТОКСИКАЦИИ КРОВИ ПРИ МЕСТНОМ ПЕРИТОНИТЕ ПОД ВЛИЯНИЕМ ФАРМАКОТЕРАПЕВТИЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ

Сочетанное применение антибиотиков: метрагил с гентамицином и метрогил с цефамизином и с иммуномодулином 5 раза через день подкожно в дозе 0,01%- 1,0 мл в ранние

сроки снижают полную стоимость болезни и хемилюминесцентные показатель интоксикации крови при местном перитоните .

Ключевые слова: местный перитонит, стоимость болезни, хемилюминесцентные показатель интоксикации крови.

RESUME

N.Zh.Ormanov. - Dmn., Professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy g. Shymkent, Kazakhstan, ormanov48@mail.ru

Zhanabayev N.S.- Doctor PhD. International Kazakh- Turkish University named by H.A.Yasawi

T.N. Ormanov- к. м. н , South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy g. Shymkent, Kazakhstan

A.A Kurbanov- к. м. н., South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy g. Shymkent, Kazakhstan

CHANGE IN THE TOTAL COST OF ILLNESS AND INTOXICATION HEMILYUMINSTSENTNYE INDICATORS IN BLOOD LOCALIZED PERITONITIS UNDER THE INFLUENCE OF COMPLEX PHARMACOTHERAPEUTIC

Combined use of antibiotics: gentamicin and metragil metrogil with tsefamizinom and immunomoduline 5 times a day subcutaneously at a dose of 0.01% - 1.0 ml in the early stages reduce the total cost of illness and hemilyuminstsentnye indicator of intoxication of blood at a local peritonitis.

Keywords: local peritonitis, the cost of illness, hemilyuminstsentnye indicator of intoxication of blood

ӘОЖ: 616.381-002.-089.168:615.456

Н.Ж.Орманов. – д.м.н ., профессор, ЮКГФА,г. Шымкент,Республика

Казахстан,ormanov48@mail.ru

Н.С.Жанабаев-PhD Доктарант ШМИ, МКТУ Шымкент,Республика Казахстан

Т.Н. Орманова, к. б .н , ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан

А.А. Курбанов, к. м. н., ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан

ЖЕРГІЛІКТІ ПЕРИТОНИТТІ НАУҚАСТАРДЫҢ «ШЫҒЫН - ПАЙДА» КӨРСЕТКІШІНІҢ ХЕМИЛЮМИНЕСЦЕНТТІК УЫТТАНУ КӨРСЕТКІШІНІҢ НЫШАНДАРЫНА ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ҚҰНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ФАРМАКОТЕРАПИЯЛЫҚ КЕШЕНДЕРДІҢ ӘСЕРІНЕН ӨЗГЕРУІ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: жергілікті перитонитті науқастардың «шығын - пайда» көрсеткішінің хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің нышандарына және дәрілік заттардың құнына байланысты фармакотерапиялық кешендердің әсерінен өзгеруі.

Он күндік бақылау уақытында фармакотерапиялық кешендердің әсерінен бірінші топтағы сырқаттардың қан гемоллизатындағы ХЛУК мәні антибиотикотерапияның әсерінен меншікті тиімділігі 30,7%-ға тең болады, екінші, үшінші және төртінші топтардағы меншікті тиімділігі 40%, 60,7% және 58%-ға тең болады. Антибиотикотерапияны иммуномодиулинмен қиылыстырып қолданғанда ХЛУК салыстырмалы сәйкес топтарына қарағанда 88,9 %-ға және 51,7%-ға сәйкес төмендеді.

Бірінші емдік топта «шығын-пайдалы» көрсеткішін қан гемоллизатының ХЛУК , емдік тиімділігі және сырқаттың толық құны арқылы анықтағанда 2735,9 тенгеге тең болады,ал 2-ші, 3-ші және 4-ші емдік топтарда 2202,9 тенге,1377,8 тенге және 1629,9 тенгені құрады, яғни

бірінші емдік топтың көрсеткішін 100 %-ға тең деп есептегенде 2-ші, 3-ші және 4-ші емдік топтардың көрсеткіштері 22,5 %-ға ,49,6 %-ға және 42,2 %-ға төмендейді. Меншікті тиімділік көрсеткіштері иммуномодулинді топтарда сәйкес антибиотикті топтарға қарағанда 62,8 %-ға және 97,7 %-ға өседі, ал оның «шығын-пайдалы» көрсеткіштерін аурудың толық құны арқылы анықтағанда иммуномодулинді топтарда сәйкес антибиотикті топтарға қарағанда 41,2 % ға және 35,7 % ға төмендейді.

Кілт сөздері: жергілікті перитонит, «шығын - пайда» көрсеткіші, хемилюминесценттік уыттану көрсеткіші, дәрілік заттардың құнына .

Мәселенің өзектілігі. Бүгінгі таңда денсаулық сақтаудың ең бір өзекті мәселелеріне дәрілік заттарды тиімді, оңтайлы фармакотерапиялық кешендерді қолданып, сырқатарға ең қолайлы емдік шараларды енгізіп, олардың емдік қасиеттерін жоғарғы деңгейге көтеріп, ем сапасын жақсартып, дәрілердің жанама әсерлерін алдын-алу шараларын енгізу және болд4,5].

Жұмыстың мақсаты: жергілікті перитонитті науқастардың «шығын - пайда» көрсеткішінің хемилюминесценттік уыттану көрсеткішінің нышандарына және дәрілік заттардың құнына байланысты фармакотерапиялық кешендердің әсерінен өзгеруі

. Зерттелген топтар және зерттеу әдістері. Жұмыстың міндеттеріне сәйкес 50 дені сау адам және жергілікті перитонитпен ауыратын 120 науқас зерттеуге алынды. Олар фармакотерапиялық кешендермен емдеуге байланысты төрт топқа бөлінді. 1-топтағы сырқаттар: **Фтк-1:** метрогил (100мл), гентамицин (80мг). 2-топ: **Фтк-2:** метрогил (100мл) цефамизин (1,0мг), 3-топ: **Фтк-3:** метрогил (100мл) цефамизин (1,0мг), иммуномодулин (1мл), 4-топ **Фтк-4:** метрогил (100мл), гентамицин (80мг) және иммуномодулин (1мл) дәрілерін нұсқау бойынша күнара бір рет қабылдады. Емдеу - бақылау мерзімі 10 күн. Жұмыстың міндеттеріне сәйкес 50 дені сау адам және жергілікті перитонитті 120 сырқаттар алынды. Фармакотерапиялық кешендердің фармакоэкономикалық жағдайын зерттеу үшін дәрілік заттардың бағаларын «Еврофарма» фирмасының құны арқылы зерттедік. Есептеу стандарттық әдіс бойынша зерттелінді Қан плазмасының хемилюминесценттік қасиеттері Орманов Н.Ж. [3] әдісімен анықталды [5,6]. Бұл зерттеулер емге дейін, 3, 5, 7 күн және 10 күннен кейін қолданылды.

Перитонитті науқастар қанындағы эндогенді уыттанудың деңгейін анықтау %ошін хемилюминесценттік уыттану көрсеткіші (ХЛУК) келесі формула арқылы анықталынды:

$$\text{ХЛСЖ} + \text{ХЛ}_{\text{ИЖЖЖҚ}} + \text{АТРТЖ}$$
$$\text{ХЛУК} = \frac{\text{ХЛСЖ} + \text{ХЛ}_{\text{ИЖЖЖҚ}} + \text{АТРТЖ}}{\text{ХЛСЖ} + \text{ХЛ}_{\text{ИЖЖЖҚ}} + \text{АТРТЖ}}$$

3

мндағы: ХЛ - хемилюминесценция, СЖ - спонтанды жарқырау, ИЖЖЖҚ – иницирленген жарқыраудың жалпы жарық қосындысы, АТРТЖ – асқын тотық радикалдарының түзілу жылдамдығы. Зерттеу нәтижелері. Жергілікті перитонитті науқастардың «шығын - пайда» көрсеткішінің ХЛУК санының нышандарына байланысты фармакотерапиялық кешендердің әсерінен өзгеруі 1 – кестеде көрсетілген.

Он күндік бақылау уақытында фармакотерапиялық кешендердің әсерінен бірінші топтағы сырқаттардың қан гемолизатындағы ХЛУК мәні антибиотикотерапияның әсерінен $2,6 \pm 0,13$ шб $1,80 \pm 0,08$ шб төмендейді, яғни меншікті тиімділігі 30,7%-ға тең болады, екінші, үшінші және төртінші топтардағы бұл көрсеткіш, $1,56 \pm 0,08$ шб, $1,02 \pm 0,06$ шб және $1,09 \pm 0,08$ шб төмендейді және меншікті тиімділігі 40%, 60,7% және 58%-ға тең болады. Антибиотикотерапияны иммуномодулинмен қиылыстырып қолданғанда ХЛУК салыстырмалы сәйкес топтарына қарағанда 88,9 %-ға және 51,7%-ға сәйкес төмендеді.

Бірінші емдік топта «шығын-пайдалы» көрсеткішін қан гемолизатының ХЛУК және емдік тиімділігі арқылы анықтағанда 97,9 тенгеге тең болады, ал 2-ші, 3-ші және 4-ші емдік топтарда 199,5 тенге, 134,6 тенге және 55,18тенге ні құрады, яғни бірінші емдік топтың көрсеткішін 100 %-ға тең деп есептегенде 2-ші және 3-ші емдік топтардың көрсеткіштері 103,7 %-ға және 37,5 %-ға өссе, 4-ші топта керісінше 42,6 %-ға төмендейді. Меншікті тиімділік көрсеткіштері иммуномодулинді топтарда сәйкес антибиотикті топтарға қарағанда 88,9%-ға және 51,8%-ға өседі, ал оның «шығын-пайдалы» көрсеткіші иммуномодулинді топтарда сәйкес антибиотикті топтарға қарағанда 45,6%ға және 42,5% ға төмендейді.

Кесте 1 - Жергілікті перитонитті науқастардың «шығын - пайда» көрсеткішінің ХЛУК нышандарына және дәрілік заттардың құнына байланысты фармакотерапиялық кешендердің әсерінен өзгеруі

Топтар	«тиімді» мәні (шб)	Меншікті тиімділігі %	10 күн ішіндегі Емдік жинақтық шығыны (тенгемен)	«шығын-пайда» коэффициенті (тенгемен)
ФТК-1 n = 30	1. 2,6±0,13 2. 1,80±0,08	30,7	3008,0	97,9
ФТК-2 n = 30	1. 2,6±0,13 2. 1,6±0,08	38,5	7980,0	207,2
ФТК-3 n = 30	1. 2,6±0,13 2. 1,02±0,06	60,7	8172,5	134,6
ФТК-4	1. 2,6±0,13 2.1,3±0,08	50	3200,5	64,0

Ескерту.1-емге дейінгі көрсеткіші.2- емнен кейінгі көрсеткіші

Сонымен зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер ФТК -3 және ФТК-4 (антибиотиктер және иммуномодулин) емдік әсерінің «шығын-пайда» көрсеткіші ең кіші мәнге тең болады

Жергілікті перитонитті науқастардың «шығын - пайда» көрсеткішінің ХЛУК санының нышандарына және науқастың толық құнына байланысты фармакотерапиялық кешендердің әсерінен өзгеруі 3 – кестеде көрсетілген.

Он күнді бақылау уақытында фармакотерапиялық кешендердің әсерінен бірінші топтағы сырқаттардың қан гемоллизатындағы ХЛУК мәні антибиотикотерапияның әсерінен меншікті тиімділігі 30,7%-ға тең болады, екінші, үшінші және төртінші топтардағы меншікті тиімділігі 40%, 60,7% және 58%-ға тең болады. Антибиотикотерапияны иммуномодулинмен қиылыстырып қолданғанда ХЛУК салыстырмалы сәйкес топтарына қарағанда 88,9 %-ға және 51,7%-ға сәйкес төмендеді.

Кесте 2 - Жергілікті перитонитті науқастардың «шығын - пайда» көрсеткішінің ХЛУК нышандарына және аурудың толық құнына байланыс -ты жағдай

Топтар	«тиімді» мәні (шб)	Меншікті тиімділігі %	Аурудың толық құны (тенге)	«шығын-пайда» коэффициенті (тенгемен)
ФТК-1 n = 30	1. 2,6±0,13 2. 1,80±0,08	30,7	83993,7	2735,9
ФТК-2 n = 30	1. 2,6±0,13 2. 1,6±0,08	38,5	84811,9	2202,9
ЙФТК-3 n = 30	1. 2,6±0,13 2. 1,02±0,06	60,7	83632,2	1377,8
ФТК-4	1. 2,6±0,13 2.1,3±0,08	50	81499,8	1629,9

Ескерту.1-емге дейінгі көрсеткіші.2- емнен кейінгі көрсеткіші

Бірінші емдік топта «шығын-пайдалы» көрсеткішін қан гемоллизатының ХЛУК , емдік тиімділігі және сырқаттың толық құны арқылы анықтағанда 2735,9 тенгеге тең болады, ал 2-ші, 3-ші және 4-ші емдік топтарда 2202,9 тенге, 1377,8 тенге және 1629,9 тенгені құрады, яғни

бірінші емдік топтың көрсеткішін 100 %-ға тең деп есептегенде 2-ші, 3-ші және 4-ші емдік топтардың көрсеткіштері 22,5 %-ға ,49,6 %-ға және 42,2 %-ға төмендейді.

Меншікті тиімділік көрсеткіштері иммуномодулинді топтарда сәйкес антибиотикті топтарға қарағанда 62,8 %-ға және 97,7 %-ға өседі, ал оның «шығын-пайдалы» көрсеткіштерін аурудың толық құны арқылы анықтағанда иммуномодулинді топтарда сәйкес антибиотикті топтарға қарағанда 41,2 % ға және 35,7 % ға төмендейді.

Сонымен зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер ФТК -3 және ФТК-4 (антибиотиктер және иммуномодулин) емдік әсерінің «шығын-пайда» көрсеткіштері сәйкес антибактериалды топтармен салыстырғанда төмендейді және ең кіші көрсеткіші төртінші емдік (метрогил, гентамицин және иммуномодулин) топта орын алды, яғни бір науқасты толық емдеуге кететін шығынның ең кіші мөлшері төртінші топта орын алып (1363,7 т.) 1-ші,2-ші және 3-ші топтарға қарағанда үнемделінген шығынның мөлшері 1372,2 тенгеге, 756,6 тенгеге және 41,1 тенгеге тең болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Бірінші емдік топта «шығын-пайдалы» көрсеткішін қан гемолизатының ХЛУК , емдік тиімділігі және сырқаттың толық құны арқылы анықтағанда 2735,9 тенгеге тең болады,ал 2-ші, 3-ші және 4-ші емдік топтарда 2202,9 тенге,1377,8 тенге және 1629,9 тенгені құрады, яғни бірінші емдік топтың көрсеткішін 100 %-ға тең деп есептегенде 2-ші, 3-ші және 4-ші емдік топтардың көрсеткіштері 22,5 %-ға ,49,6 %-ға және 42,2 %-ға төмендейді.

2. ФТК -3 және ФТК-4 (антибиотиктер және иммуномодулин) емдік әсерінің «шығын-пайда» көрсеткіштері сәйкес антибактериалды топтармен салыстырғанда төмендейді және ең кіші көрсеткіші төртінші емдік (метрогил, гентамицин және иммуномодулин) топта орын алды, яғни бір науқасты толық емдеуге кететін шығынның ең кіші мөлшері төртінші топта орын алып (1363,7 т.) 1-ші,2-ші және 3-ші топтарға қарағанда үнемделінген шығынның мөлшері 1372,2 тенгеге, 756,6 тенгеге және 41,1 тенгеге тең болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орманов Н.Ж., Жакипбекова Г.С., Құрбанов А.А., Кенжебекова А.Жергілікті перитонитпен ауыратын сырқаттардың фармакотерапиялық кешендердің фармакоэкономикалық жағдайын эритроциттердің тұну жылдамдығына (ЭТЖ) байланысты анықтағандағы жағдайы// Сборник трудов научно-практической конференции «Актуальные проблемы и профилактики профессиональной патологии и гигиена труда» посвященной памяти доктора медицинских наук, профессора АДильбековой ДАРИГИ АЙДАНОВНЫ .3 МАЯ 2013 ГОДА Шымкент.2013,с.99-102
2. Орманов Н.Ж., Орманов Б.Н., Калиева А.К., Құрбанов А.А. Жергілікті перитонитпен ауыратын сырқаттардың фармакооерапиялық кешендердің фармакоэкономикалық жағдайын орта ұлтты молекуланың (ОУМ) денгейіне байланысты жағдайы // Сборник трудов научно-практической конференции «Актуальные проблемы и профилактики профессиональной патологии и гигиена труда» посвященной памяти доктора медицинских наук, профессора Адильбековой Дариги Айдановны .3 мая 2013 года Шымкент.2013,с.102-107-
3. Орманов Н.Ж., Әділбекова Д.А., Жумабаев У.А. Использование хемилюминесцентного свойства сыворотки (плазмы) крови для диагностики хронической интоксикации соединениями фосфора// Методическая рекомендация. -Шымкент,1993.-16с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж.Орманов. – д.м.н ., профессор, ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан
Н.С.Жанабаев-PhD Докрант ШМИ, МКТУ Шымкент,Республика Казахстан
Т.Н. Орманова - к. б .н , ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан
А.А. Курбанов-к. м. н., ЮКГФА,г. Шымкент,Республика Казахстан

ИЗМЕНЕНИЕ КОЭФИЦИЕНТА «ЗАТРАТА-ПОЛЕЗНОСТЬ» И ХЕМИЛЮМИНЕСЦЕНТНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ИНТОКСИКАЦИИ КРОВИ ПРИ МЕСТНОМ ПЕРИТОНИТЕ ПОД ВЛИЯНИЕМ ФАРМАКОТЕРАПЕВТИЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ

Определение коэффициента «затрата-полезность» по полной стоимости болезни показали, что иммуномодулиновой группе по сравнению с соответствующей антибиотиковой группе снизились на 41,2 % и 35,7 %.

Ключевые слова: местный перитонит, «шығын-пайда», хемилуминцентные показатель интоксикации крови

SUMMARY

N.Zh.Ormanov. - Dmn., Professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy g. Shymkent, Kazakhstan

Zhanabayev N.S.- Doctor PhD International Kazakh- Turkish University named by H.A.Yasawi

T.N. Ormanova- к. м. н., South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy g. Shymkent, Kazakhstan

A.A. Kurbanov- к. м. н., South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy g. Shymkent, Kazakhstan

PLEASE CHANGE "COST-UTILITY" AND HEMILYUMINSTSENTNYE INDICATORS INTOXICATION IN BLOOD LOCALIZED PERITONITIS UNDER THE INFLUENCE OF COMPLEX PHARMACOTHERAPEUTIC

Determination of the coefficient "cost-utility" of the full cost of the disease showed that immunomodulinovoy group compared with the corresponding antibiotic group decreased by 41.2% and 35.7%.

Keywords: local peritonitis, "cost-utility", hemilyuminstsentnye indicator of intoxication of blood.

ӘОЖ 612.017.+616.36.002

Н.Ж.Орманов-м.ғ.д., профессор, ОҚМФА. Шымкент қ, Қазақстан Республикасы, ormanov48@mail.ru

Л.Н Орманова- м.ғ.к., доцент м.а ОҚМФА. Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

С.Б Бисимбаева- м.ғ.к., доцент м.а ОҚМФА. Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

А.Б.Ерназарова- оқытушы, ШМК, Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

ИНФИЛЬТРАТЫ ШЕКТЕЛГЕН ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗИМЕН СЫРҚАТТАРДЫҢ ҚАНЫНДАҒЫ ӘЛСІЗ ЖАРҚЫРАУДЫҢ КӨРСЕТКІШІНІҢ ХИМИОТЕРАПИЯНЫҢ ӘСЕРІНЕН АЦЕТИЛДЕУ ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҒДАЙЫ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты: Инфильтраты шектелген өкпе туберкулезімен сырқаттардың қанындағы әлсіз жарқыраудың көрсеткішінің жағдайын зертеу. Күшті ингибиторлы топтардағы сырқаттарда ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішіне қарағанда 3 және 6 айлық химиотерапиядан кейін 34,7% және 41,3% -ға өссе, ал орта ингибиторлы топтағы сырқаттарда бұл көрсеткіштің өсу деңгейі 33,3% және 55,5% құрайды, ал әлсіз ингибиторлы топтағы сырқаттардың ХЛУК деңгейі емге дейінгі көрсеткішке қарағанда 41% және 62,4% -ға өседі. Өкпе туберкулезбен инфильтраты шектелген түрімен аурыатын науқастардың ацетилдеу түріне

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

байланысты химиотерапияның әсерінен әр түрлі деңгейде өзгереді, күшті ингибиторлы түріндегі сырқаттардың қан плазмасындағы хемилюминесценттік көрсеткіштері төмендесе, ал әлсіз ингибиторлы тобында әлсіз жарқыраудың параметрлері едәуір жоғарғы деңгейде болатынын көрсетеді.

Кілт сөздер: өкпе туберкулезі, қан, әлсіз жарқыраудың көрсеткіші, химиотерапия, ацетилдеу.

Кіріспе. Бауырдың туберкулезге қарсы әсерінен зақымдануы организмнің генотипіне және ацетилдеу фенотипіне тікелей байланысты. Суханов Д.С. [1] ғылыми деректері NAT-2 SLOW гепотипті және «баяу» ацетилдеу фенотипті сырқаттарда гепатоуытты реакция 100%-да орын алған, ал «жылдам» фенотипті сырқаттарда бауырдың зақымдануы 14,3%-ды орын алып, тек ғана 28,6%-ды науқастарда АсАТ жоғарылауы байқалды. Туберкулезге қарсы препараттарды көтералмаушылық әсерінен химиоте-рапияның емдік мерзімдері жиі және ұзақ үзіліп отыруына байланысты емнің белсенділігі 2,5-4,2 есе төмендеп, сырқаттың қайта қозуы 2,7-5,8 есе өсіп отырады

Туберкулезге қарсы химиотерапияның әсерінен 65,7% науқастарда дәрілердің жанама әсері орын алды. Стрептомицин негізінен аллергиялық серпілістердің негізгі себеп болып отырады, ал емдеу схемасына изониазид, рифампицин и пиразинамид енгізгенде гепатоуытты серпілістердің деңгейі 37,9% және 23,1%-ға өседі [2]. Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастарда липидтердің асқын тотығы өнімдерінің және антитотықтырғыш жүйесінің кейбір көрсеткіштерін өзгеруін Орманов Н.Ж. [3,4] анықтаған.

Жұмыстың мақсаты: Инфильтраты шектелген өкпе туберкулезімен сырқаттардың қанындағы әлсіз жарқыраудың көрсеткішінің жағдайын зертеу .

Зерттеу әдістері. Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастарда қанында әлсіз жарқыраудың көрсеткіштерін зертеу Орманов Н.Ж. әдісімен жүргізілді[5].

Зерттеу нәтижелері. Дәстүрлі туберкулезге қарсы химиотерапияның дәреметтілігін 40 инфильтратты ӨТ ауыратын науқастарды зерттеу арқылы жүзеге асырылды.

Кесте 1- Инфильтраты шектелген өкпе туберкулезімен сырқаттардың қан плазмасындағы хемилюминесценттік көрсеткішінің химиотерапияның әсерінен ацетилдеу түріне байланысты өзгеруі

Көрсеткіштер Топтар		Хемилюминесценциялық көрсеткіштер			
		Спонтанды (кв/сек)	ӘШЖҚ (10 ³ кв)	АТРГЖ (кв/сек)	ХЛУК ШБ
Жалпы топ	1	5,9 ± 0,29	59,8 ± 3,6	199 ± 14,0	1,7 ± 0,05
	2	8,2 ± 0,36*	80,8 ± 4,4*	269 ± 13,5*	2,5 ± 0,03*
	3	9,18 ± 0,32*	90,5 ± 4,1*	301,6 ± 18,0*	2,8 ± 0,01*
Мия тамыры сулы экстрактысымен 10 күн бойы емдеу барысында бауыр жасушаларының биологиялық мембрана тұрақтылығы 5 күндік емнен соң 15,5 %-ға жоғарыласа, 10 күндік емінің әсерінен өсу деңгейі 26,5%-ға жоғарылады, бірақ бақылау топтың көрсеткішіне қарағанда 38%-ға төмен болды. Фитопрепарат-рувимииннің әсерінен бауыр жасушаларының биологиялық мембранасының тұрақтылығы зерттеудің 5-ші тәулігінде 22,4%-ға, 10 күндік емінің әсерінен бұл көрсеткіштің деңгейі 67,3%-ға жоғарылады, бірақ бақылау топтың деңгейінен 17%-ға төмен болды.

Дәрілік түйе жоңышқа фитопрепаратының 25мг/кг мөлшеріндегі 10 күндік емдік әсерінен бауыр жасушаларының биологиялық мембрана тұрақтылығының өсу деңгейі 16%-ға, ал 50мг/кг дозасының емдік қасиетінің арқасында бауыр жасушаларының биологиялық мембранасының тұрақтылығының деңгейі 77,5%-ға жоғарылады.

Кілт сөздер: қорғасын ацетаты, бауыр, мембраналық тұрақтылығы, мия тамыры, рувимиин, дәрілік түйе жоңышқа.

Кіріспе:Бауырдың зақымдалуының еркін радикалды концепциясы антиототықтырғыш қасиеті бар дәрілік құралдардың (токоферолдар, аскорбин қышқылы, полифенолдар, бета-каротин) ағзаның антиототықтырғыш жүйесіне кіретін эссенциальды фосфолипидтердің препараттары, глутатион жасушаның антиототықтық ферменттік компоненттерін күшейтетін

препараттарын қолдануға жаңа мүмкіндіктер ашты. Аскорбин қышқылы зат алмасу үрдістерде және тотығу тотықсыздану үрдісіне қатысады, қандағы холестериннің мөлшерін реттейді, стероидты гормондардың түзілуіне қатысады, иммунологиялық реакцияға әсер етеді, капилляр өткізгіштігін қалпына келтіреді, бауыр жасушаларында гликогеннің жиналуына қатысады, уытсыздандыруды жоғарлатады, бауырдың ақуыз түзу қызметін жоғарлатады, бауыр ұлпасының регенерациясына жағымды әсер етеді [1].

Зертеу мақсаты. Мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр жасушаларының мембраналық тұрақтылығына әсерін анықтау.

Зертеу әдістері. 1. Бауырдың уытқа қарсы қызметін «гексеналды сынама» арқылы Н.Ж. Ормановтың әдісі бойынша анықтадық [2]

$$БЖЗК = \frac{ГС_б}{ГС_м}$$

Бұл жерде: БЖЗК-бауыр жасушаларының залалсыздандыру көрсеткіші;

ГС-гексеналды сынақтың уақыты (минөт); б-бақылау тобы; т-тәжірибелік топ

2. АЛТ, АСТ белсенділігінің деңгейін қалыпты «Лахема-Биотест» жинағымен S. Reitman, S. Frankel әдісі бойынша анықтадық [255].

3. ЛАП белсенділігін «Германия-ЛАП-тест» жинағымен анықтадық [256].

4. Бауыр жасушаларының зақымдануындағы мембрана тұрақтылық көрсеткішін [3] анықтадық

$$БЖМТ = \frac{\frac{АЛТ_б}{АЛТ_м} + \frac{АСТ_б}{АСТ_м} + \frac{ЛАП_б}{ЛАП_м}}{3}$$

Бұл жерде: БЖМТ- бауыр жасушаларының мембрана тұрақтылығы; АЛТ-аланинаминотрансфераза; АСТ-аспартатаминотрансфераза; ЛАП-лейцинамино-пептидаза; б-бақылау тобы; т-тәжірибелік топ

Кесте 1- Мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр жасушаларының мембраналық тұрақтылығына әсері

Топтар	Көрсеткіштер	
	Бауыр жасушаларының мембраналық тұрақтылығы	
	(шб)	% бойынша
Бақылау тобы (БТ)	1,0±0,05	100
Қорғасын ацетаты (ҚА) (5%-100 мг/кг)	0,49±0,20*	49
ҚА+МТСЭ 30мг/кг	0,62±0,04*,**	62
ҚА+рувимиин 30мг/кг	0,83±0,05*,**,***	83
ҚА+ ДТЖСЭ 25мг/кг	0,57±0,04*,**	57
ҚА+ДТЖСЭ 50мг/кг	0,87±0,05*,**,***	87
Ескерту: 1 * $p < 0,05$ -бақылау топпен салыстырған дәлдік көрсеткіші; 2 ** $p_1 < 0,05$ - қорғасынмен уыттанған топпен салыстырған дәлдік көр-ші; 3 *** $p_2 < 0,05$ - МТСЭ және ДТЖСЭ мен салыстырған дәлдік көрсеткіші.		

Қорғасынмен уыттануда қорғасынның уытты әсері бауырдағы зат алмасуды бұзып, бауыр жасушаларының цитоплазмасына еніп, гепатоциттердің құрылымының бұзылуына және олардың тіршілігінің жоғалуға ұшырауына алып келеді. Осыған байланысты бауыр

жасушаларының зақымдануы кезінде бауыр жасушаларының мембрана тұрақтылық (БЖМТ) көрсеткішіне мия және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының әсерін зерттедік.

Қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр жасушаларының биологиялық мембрана тұрақтылығы (23-ші кестеде) көрсетілгендей, 10 күндік зерттеу нәтижесінде әр түрлі деңгейде өзгерді. Тәжірибенің бесінші тәулігінде бұл көрсеткіштің мәні 39%-ға төмендесе, зерттеудің 10-ші тәулігінде оның мәні 51%-ға азайды, 5-ші тәуліктің көрсеткішіне қарағанда 23,4%-ға төмендеді.

Мия тамыры сулы экстрактысымен 10 күн бойы емдеу барысында бауыр жасушаларының биологиялық мембрана тұрақтылығы 5 күндік емнен соң 15,5 %-ға жоғарыласа, 10 күндік емінің әсерінен өсу деңгейі ем алмаған тобына қарағанда 26,5%-ға жоғарылады, бірақ бақылау топтың көрсеткішіне қарағанда 38%-ға төмен болды. Фитопрепарат-рувимииннің емдік қасиетінің арқасында бауыр жасушаларының биологиялық мембранасының тұрақтылығы зерттеудің 5-ші тәулігінде ем алмаған тобындағы егеуқұйрықтардың көрсеткішіне қарағанда 22,4%-ға, 10 күндік емінің әсерінен бұл көрсеткіштің деңгейі 67,3%-ға жоғарылады, бірақ бақылау топтың деңгейінен 17%-ға төмен болды.

Дәрілік түйе жоңышқа фитопрепаратының 25мг/кг мөлшеріндегі 10 күндік емдік әсерінен бауыр жасушаларының биологиялық мембрана тұрақтылығының өсу деңгейі ем алмаған тобына қарағанда 16%-ға жоғарылады, бірақ бақылау топтың көрсеткішіне қарағанда 43%-ға төмен болды. Ал 50мг/кг мөлшеріндегі емдік қасиетінің арқасында бауыр жасушаларының биологиялық мембрана-насының тұрақтылығының деңгейі 77,5%-ға жоғарылады, бірақ бақылау топтың деңгейінен 13%-ға төмен болды.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттардың әсерінен қорғасын ацетатымен уыттанған егеуқұйрықтардағы бауыр жасушаларының биологиялық мембрана тұрақтылығы жақсарып, емдеу тиімділігі бойынша рувимиин-фитопрепараты мен дәрілік түйе жоңышқа фитопрепаратының 50мг/кг мөлшеріндегі емдік әсері жоғары деңгейде орын алып, БЖМТ жағарылататындықтары анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орманов Н.Ж., Корганбаева З.С.. Мия тамырының фитопрепараттарының қорғасынды ацетатпен уыттанған егеу құйрықтардың бауыр жасушаларының қызметіне әсері. // «Здоровье и болезнь», Алматы, 2006, №5(54), 117-120 б.
2. Орманов Н.Ж., Әділбекова Д.А., Жұмабаев У.А., Қорганбаева З.С. Бауыр жасушаларының ксенобиотиктердің әсерінен микросомалды тотығу үрдісінің және залалсыздандыру көрсеткішін анықтау әдісі. // Инф.лист №35-06.-Шымкент, 2006. 6 с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж. Орманов – д.м.н, профессор, , ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казакстан, ormanov48@mail.ru

Т.Н Орманов – к.м.н., доцент, , ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казакстан

Е.Т. Алиев – преподаватель, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казакстан

Д.Қ. Фазылова - преподаватель, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казакстан

ВЛИЯНИЕ ФИТОПРЕПАРАТОВ КОРНИ СОЛОДКИ И ДОННИКА ЛЕКАРСТВЕННОГО НА ПОКАЗАТЕЛЬ УСТОЙЧИВОСТИ БИОМЕМБРАН КЛЕТОК ПЕЧЕНИ ПЕРОКСИДАЦИИ ЛИПИДОВ И АНТОКСИДАНТНОЙ СИСТЕМЫ КРОВИ ПРИ ИНТОКСИКАЦИИ СВИНЦОМ

Под действием ацетата свинца у экспериментальных животных показатель устойчивости биомембран клеток печени понизился на 39%. При лечении животных

Под действием ацетата свинца у экспериментальных животных показатель устойчивости биомембран клеток печени понизился на 39%. При лечении животных в течение 10 дней фитопрепаратом из корня солодки – галенового препарата и рувимиина показатели устойчивости биомембран клеток печени возросли на 26,5% и 69,4%. А под влиянием фитопрепарата донника в дозе 25 мг/кг и 50 мг/кг массы показатели устойчивости биомембран клеток печени возросли на 16,3% и 77,5%. Как показывают результаты, эффективность при лечении рувимином и

фитопрепаратами донника в дозе 50мг/кг маассы выше, чем при лечении экстрактом из корня солодки.

Ключевые слова: Ацетата свинца, интегральный показатель пероксидации липидов и антoксидантной системы крови, корня солодки, рувими́н, донник лекарственный

SUMMARY

N.J. Ormanov - Dmn, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan,

ormanov48 @ mail.ru

T.N.Ormanov- PhD, Associate Professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan

Y.T. Aliyev – teacher, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan

INFLUENCE PHYTOPREPARATIONS LIQUORICE AND MELILOT TO SUSTAINABILITY INDICATORS BIOMEMBRANES CELL LIVER LIPID PEROXIDATION AND ANTOKSIDANTNOY BLOOD SYSTEM IN LEAD POISONING

Under the action of lead acetate in experimental animals indicator of stability of biological membranes of liver cells has fallen by 39%. In the treatment of animals

Under the action of lead acetate in experimental animals indicator of stability of biological membranes of liver cells has fallen by 39%. In the treatment of the animals within 10 days of phytopreparation liquorice - herbal medicines and ruvimina sustainability indicators of biological membranes of liver cells have increased by 26.5% and 69.4%. But under the influence of phytopreparation clover in a dose of 25 mg / kg and 50 mg / kg of sustainability indicators of biological membranes of liver cells have increased by 16.3% and 77.5%. The results show that the effectiveness of the treatment and herbal remedies ruviminom clover in a dose of 50 mg / kg Maassen higher than in the treatment of an extract from licorice root.

Keywords: lead acetate, the integral index of lipid peroxidation and antoksidantnoy blood system, licorice root, ruvimin, Melilotus officinalis

ӘОЖ 615.916:546.815±616.1/4:615.32

Н.Ж. Орманов– м.ғ.д., профессор, ОҚМФА, Шымкент қ. Қазастан Республикасы

Т.Н Орманов. – м.ғ.к., доцент, ОҚМФА, Шымкент қ. Қазастан Республикасы

Д.П.Атанбекова– м.ғ.к., доцент, ОҚМФА, Шымкент қ. Қазастан Республикасы

ҚОРҒАСЫН АЦЕТАТЫМЕН УЫТТАНҒАН ЖАНУАРЛАРДЫҢ БАУЫР ЖАСУШАЛАРЫНДАҒЫ МИКРОСОМАЛДЫ ТОТЫҒУ ҮРДІСТЕРІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ МИЯ ТАМЫРЫ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ТҮЙЕ ЖОҢЫШҚА ФИТОПРЕПАРАТТАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

АННОТАЦИЯ

Зертеу мақсаты. Қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр жасушаларындағы микросомалды тотығу үрдістерінің көрсеткіштеріне мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының әсерін зертеу.

Қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр жасушаларындағы микросомалды тотығу үрдістерінің көрсеткіштеріне мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының әсерінен мия тамырының сулы экстрактысының 30мг/кг мөлшерінде 10 күн бойы енгізгенде, бауыр жасушаларындағы микросомалды тотығу үрдісінің белсенділігіне (МТҮБ) зерттеудің 10-ші тәулігінде ем алмаған тобына қарағанда 11,4%-ға өседі, 10 күндік

фитопрепарат-рувими́ннің емдік әсерінен ем алмаған топпен салыстырғанда өсу деңгейі 23% құрады, дәрілік түйе жоңышқа сулы экстрактысының 25мг/кг мөлшерінде 10 күн бойы енгізгенде, МТҮБ зерттеудің 10-ші тәулігінде ем алмаған тобына қарағанда 8,4%-ға өседі, ал 50 мг/кг мөлшеріндегі емдік әсерінен ем алмаған топпен салыстырғанда өсу деңгейі 27% құрады және тәжірибенің осы тәулігінде бұл көрсеткіштің деңгейі бақылау топтың көрсеткішіне теңіле түсті.

Кілт сөздері: қорғасын ацетаты, бауыр, микросомалды тотығу, мия тамыры, рувими́н, дәрілік түйе жоңышқа.

Кіріспе. Бауыр адам ағзасының негізгі мүшесі, онда көптеген әр-түрлі метаболикалық үрдістер өтеді. Анатомиялық орналасуына байланысты асқазан-ішек жолына жақын орналасқан және осы мүшенің физиологиялық қызметінің ерекшелігіне байланысты, алкоголь, дәрі-дәрмектер, дұрыс тамақтанбау, әр-түрлі токсиндер және вирустық инфекциялардың бауырға қарсы әсері өте жоғары. Зерттеулерге қарағанда қоршаған ортаның факторлары бауыр қызметін бұзады, нәтижесінде жер бетіндегі халықтың 20-30% бауыр ауруға шалдығып медициналық көмекке зәру [1].

Зертеу мақсаты. Қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр жасушаларындағы микросомалды тотығу үрдістерінің көрсеткіштеріне мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының әсері анықтау.

Зертеу әдістері. Бауыр жасушаларының микросомалды тотығу үрдісінің жағдайын толық анықтау үшін микросомалдағы тотығу қызметінің белсенділігін (БМТҚ) Н.Ж.Ормановтың әдісі арқылы есептедік[2]:

$$\text{БМТҚ} = \frac{\frac{P_{450,T}}{P_{450,B}} + \frac{B_{5,T}}{B_{5,B}} + \frac{N - ДМ_T}{N - ДМ_B} + \frac{P - ГР_T}{P - ГР_B}}{4} \quad (11)$$

мұндағы: P₄₅₀ B₅-микросомалдағы цитохромның мөлшері; N–ДМ (демети́лаза); P-ГР гидролаза белсенділіктері; т–тәжірибелік топ, б–бақылау тобы.

Зертеу нәтижелері. Ал бауыр жасушаларындағы микросомалды тотығу үрдісінің белсенділігіне (МТҮБ) мия және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының әсер ету тиімділігін зерттеу барысында (24-ші кестеде) көрсетілгендей, қорғасын ацета-тымен уыттанған егеуқұйрықтардың микросомалды тотығу үрдісінің белсенді-лігі зерттеу барысында әр түрлі деңгейде өзгерді, тәжірибенің 5-ші тәулігінде бұл көрсеткіштің мәні бақылау тобына қарағанда 12%-ға төмендеп, МТҮБ ең төменгі деңгейі зерттеудің 10-ші тәулігінде орын алды, азау деңгейі бақылау топпен салыстарғанда 22%-ды құрады, тәжірибенің 10-ші тәулігінде бұл көрсеткіштің мәні 5-ші тәулікке қарағанда 83,3%-ға төмендеді, бірақ бақылау тобындағы жануарлардың көрсеткішінің 78%-ын құрады.

Қорғасын ацетатымен уыттанған егеуқұйрықтарда салыстырмалы фитопрепарат ретінде алынған мия тамырының сулы экстрактысының 30мг/кг мөлшерінде 10 күн бойы енгізгенде, МТҮБ зерттеудің 10-ші тәулігінде ем алмаған тобына қарағанда 11,4%-ға өседі, 10 күндік фитопрепарат-рувими́ннің емдік әсерінен ем алмаған топпен салыстырғанда өсу деңгейі 23% құрады, дәрілік түйе жоңышқа сулы экстрактысының 25мг/кг мөлшерінде 10 күн бойы енгізгенде, МТҮБ зерттеудің 10-ші тәулігінде ем алмаған тобына қарағанда 8,4%-ға өседі, ал 50 мг/кг мөлшеріндегі емдік әсерінен ем алмаған топпен салыстырған-да өсу деңгейі 27% құрады және тәжірибенің осы тәулігінде бұл көрсеткіштің деңгейі бақылау топтың көрсеткішіне теңіле түсті.

Бауыр жасушаларының физиологиялық қызметінің ерекшелігіне байланысты, ішімдік, дәрі-дәрмектер, дұрыс тамақтанбау, әр түрлі химиялық уытты зат-тар мен вирустық инфекциялардың бауырға қарсы әсерінен бауыр қызметі бұзылып медициналық көмек қажет етеді [276]. Осы тұрғыдан зерттеуге алынған дәрілік фитопрепараттардың тиімділігіне дұрыс баға беру үшін бауырдың залалсыздандыру көрсеткішін (ЗК) гексеналды сынақты пайдалана отырып анықтадық.

Зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтер 2-ші кестеде көрсетілгендей, қорғасын ацетатымен жіті уыттану кезінде бауыр жасушаларының залалсыздандыру қызметі төмендеді, оған 2-ші кестедегі көрсетілген гексеналды сынақтың көрсеткіші дәлел, бұл жағдайда ЗК-ші тәжірибенің 5-ші тәулігінде 20%-ға төмендесе, тәжірибенің 10-ші тәулігінде ең төменгі мәнге ие

болып, төмендеу деңгейі бақылау және 5-ші тәуліктегі көрсеткішке қарағанда 60%-ға және 40%-ға тең болды.

Қорғасын ацетатымен уыттанған жануарларға мия тамырынан алынған сулы экстрактысын 30мг/кг салмаққа 10 тәулік бойы енгізгенде бауыр жасуша-ларының залалсыздандыру қызметінің деңгейі 10%-ға жоғарылап, салыстырма-лы ретінде алынған фитопрепарат-рувиминді 30мг/кг салмаққа энтералды 10 күн бойы енгізгенде, бауыр жасушаларының залалсыздандыру қызметінің деңгейі бақылау топтың 71%-на тең болды.

Кесте 1- Қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр жасушаларындағы микросомалды тотығу үрдістерінің көрсеткіштеріне мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының әсері

Топтар	Көрсеткіштер	
	Бауыр жасушаларындағы микросомалды тотығу көрсеткіштері	
	(шб)	% бойынша
Бақылау тобы (БТ)	1,0±0,06	100
Қорғасын ацетат (ҚА) (5%-100 мг/кг)	0,78±0,03*	78
ҚА+МТСЭ 30мг/кг	0,85±0,04**	85
ҚА+рувимин 30мг/кг	0,96±0,05***	96
ҚА+ДТЖСЭ 25мг/кг	0,84±0,04***	84
ҚА+ДТЖСЭ 50мг/кг	0,99±0,05***	99
Ескерту: 1 * $p < 0,05$ -бақылау топпен салыстырған дәлдік көрсеткіші, 2 ** $p_1 < 0,05$ - қорғасынмен уыттанған топпен салыстырған дәлдік көр-ші, 3 *** $p_2 < 0,05$ МТСЭ және ДТЖСЭ мен салыстырған дәлдік көрсеткіші.		

Дәрілік түйе жоңышқа фитопрепаратының 25мг/кг мөлшерінде емдегенде бауыр жасушаларының залалсыздандыру қызметінің деңгейі 18%-ға жоғарылап, ал 50мг/кг мөлшердегі әсерінен бауыр жасушаларының залалсыздандыру қызметінің деңгейі бақылау топтың 83%-на тең болды.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде алынған деректер бойынша қорғасын ацета-тымен уыттанған егеуқұйрықтардың бауыр жасушаларының залалсыздандыру қызметі төмендеп, оның ең депрессиялық мәні тәжірибенің 10-шы тәулігінде орын алып, мия және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының емдік әсері-нен, уыттанған егеуқұйрықтардағы бауырдың уытты заттарды залалсызданды-ру қызметі біршама жоғарылап, МТСЭ-на қарағанда фитопрепарат-рувиминнің, ал ДТЖСЭ-ның 25мг/кг мөлшеріндегі емдік әсеріне қарағанда, ДТЖСЭ-ның 50 мг/кг мөлшеріндегі емдік тиімділіктері 42%-ға және 76,5%-ға жоғары деңгейде орын алып, бауырдың залалсыздандыру қызметін арттыратыны дәлелденді.

Қорғасынның уытты әсерінен бауыр гомогенатындағы бірлескен ЛАТ және АТЖ көрсеткішінің мәні зерттеудің 10-шы тәулігінде (26-шы кестеде) көрсетілгендей, қорғасынмен уыттанған тобында 349%-ын құрап, бұл ксенобиотиктің әсерінен «Артық оттегілену» жиынтығының орын алатынын тағыда дәлелдеді.

Кесте 2-Қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардағы бауырдың залалсыздандыру қызметіне мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының әсері

Топтар	Көрсеткіштер	
	Бауыр жасушаларының залалсыздандыру қызметі	
	(шб)	% бойынша
Бақылау тобы (БТ)	1,0±0,06	100
Қорғасын ацетаты (ҚА) (5%-100 мг/кг)	0,4±0,02*	40
ҚА+МТСЭ 30мг/кг	0,5±0,03*,**	50
ҚА+рувимин 30мг/кг	0,71±0,04*,**,***	71
ҚА+ДТЖСЭ 25мг/кг	0,47±0,03*,**	47
ҚА+ДТЖСЭ 50мг/кг	0,83±0,04*,**,***	83
Ескерту: 1 * $p < 0,05$ -бақылау топпен салыстырған дәлдік көрсеткіші; 2 ** $p_1 < 0,05$ - қорғасынмен уыттанған топпен салыстырған дәлдік көр-ші; 3 *** $p_2 < 0,05$ - МТСЭ және ДТЖСЭ мен салыстырған дәлдік көрсеткіші.		

Қорғасын ацетатымен уыттанған егеуқұйрықтарды МТСЭ-мен 10 күн бойы емдегенде ЛАТ-АТЖ бірлескен көрсеткішінің мәні ем алмаған топтың көрсеткішіне қарағанда 30,5 %-ға төмендеп, рувимин-фитопрепаратының емдік әсері-нен, бұл көрсеткіштің деңгейі ем алмаған тобына және МТСЭ емдік тобына қарағанда 60,2%-ға және 42,4%-ға төмендеді, ДТЖСЭ-ның 25мг/кг мөлшердегі емдік әсерінен ЛАТ-АТЖ бірлескен көрсеткішінің мәні ем алмаған топтың көрсеткішіне қарағанда 26,4%-ға төмендеді, ал 50мг/кг мөлшеріндегі емдік әсері-нен бұл көрсеткіштің деңгейі, ем алмаған тобына және ДТЖСЭ-ның 25мг/кг мөлшеріндегі емдік тобына қарағанда 64%-ға және 52%-ға төмендеп, бақылау топтың көрсеткішіне қарағанда фитопрепарат-рувиминнің әсерінен 39%-ға, ал ДТЖСЭ-ның 50 мг/кг мөлшеріндегі әсерінен 24%-ға жоғарғы деңгейде болды.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер бойынша қорғасынның уытты әсерінен ЛАТ-АТЖ қарам-қатынасының бірлескен көрсеткішінің мәні үш жарым есе жоғарыласа, мия және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының емдік әсерінен, олардың деңгейінің төмендегенін көрсетіп, бауырдың зақымдануындағы еркін-радикалды мөлшері, антиготықтырғыш қасиеті бар дәрілік фитопрепараттардың қолдануына жаңа мүмкіндіктер тудырды.

Зерттеу нәтижелерін қортындылай келе, жоғарыда аталып өткен қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың жалпы қызметінің көрсеткіштеріне мия және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының салыстырмалы әсерлерінің тиімділігі (3-ші кестеде) көрсетілгендей, мия тамырынан алынған өзіндік ерек-шелігі бар фитопрепарат-рувиминнің әсерінен, ЭЖФК-ші 10,3%-ға, ЭМТ-ғы 25%-ға жоғарылап, ҚЖУК-ші 35,2%-ға, ЛАТ-АТЖ-ның қан, бауыр және КҰШ-ның жасушаларындағы БК-нің деңгейі 45%-ға, 42,3%-ға және 48,5%-ға азайып, БЖМТ-ның деңгейі 13%-ға, БЖЗК-ші 42%-ға өсті. ДТЖСЭ-ның 50мг/кг мөлше-ріндегі әсерінен ЭЖФК-ші 19,3%-ға, ЭМТ-ғы 17%-ға жоғарылап, ҚЖУК-ші 41%-ға, ЛАТ-АТЖ-ның қан, бауыр және КҰШ жасушаларының БК-нің деңгейі 41,2%-ға, 52,5%-ға және 51 %-ға төмендеп. БЖМТ-ның деңгейі 51%-ға, БЖЗК-ші 77%-ға жоғарылады.

Кесте 3- Мия тамыры және дәрілік түйе жоңышқа фитопрепараттарының қорғасын ацетатымен уыттанған жануарлардың бауыр гомогенатындағы ЛАТ-АТЖ жүйесінің бірлескен көрсеткішіне әсері

Топтар	Көрсеткіштер	
	ЛАТ-АТЖ бірлескен көрсеткіші	
	(шб)	% бойынша
Бақылау тобы (БТ)	1,0±0,05	100
Қорғасын ацетаты (ҚА) (5%-100 мг/кг)	3,49±0,20*	349
ҚА+МТСЭ 30мг/кг	2,41±0,15*,**	241
ҚА+рувими́н 30мг/кг	1,39±0,08*,**,***	139
ҚА+ ДТЖСЭ 25мг/кг	2,57±0,15*,**	257
ҚА+ДТЖСЭ 50мг/кг	1,24±0,09*,**,***	124
Ескерту: 1 * $p < 0,05$ - бақылау топпен салыстырған дәлдік көрсеткіші, 2 ** $p_1 < 0,05$ - қорғасынмен уыттанған топпен салыстырған дәлдік көр-ші, 3 *** $p_2 < 0,05$ - МТСЭ және ДТЖСЭ мен салыстырған дәлдік көрсеткіші.		

Осы алынған мәліметтер аталған фитопрепараттардың қорғасынмен уыттанудағы емдік қасиетінің жоғары деңгейде орын алатынын анықтап, клиникалық деңгейде қолдануға мүмкіндік жасайтынын көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орманов Н.Ж., Корганбаева З.С. Мия тамырының фитопрепараттарының қорғасынды ацетатпен уыттанған егеу құйрықтардың бауыр жасушаларының қызметіне әсері. // «Здоровье и болезнь», Алматы, 2006, №5(54), 117-120 б.
2. Орманов Н.Ж., Әділбекова Д.А., Жұмабаев У.А., Қорғанбаева З.С. Бауыр жасушаларының ксенобиотиктердің әсерінен микросомалды тотығу үрдісінің және залалсыздандыру көрсеткішін анықтау әдісі. // Инф.лист №35-06.-Шымкент, 2006. 6 с.

РЕЗЮМЕ

Н.Ж Орманов – д.м.н.,проф., ЮКГФА, г.Шымкент ,Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru.
Т.Н Орманов. – к.м.н., доцент, г.Шымкент ,Республика Казахстан
Д.П.Атанбекова- к.м.н., доцент, г.Шымкент ,Республика Казахстан

ВЛИЯНИЕ ФИТОПРЕПАРАТОВ КОРНИ СОЛОДКИ И ДОННИКА ЛЕКАРСТВЕННОГО НА МИКРОСОМАЛЬНОЕ ОКИСЛЕНИЕ КЛЕТОК ПЕЧЕНИ ПРИ ИНТОКСИКАЦИИ СВИНЦОМ

У экспериментальных животных со свинцовой интоксикацией интегральный коэффициент свободно-радикального окисления липидов в клетках печени и антиокислительной системы повысился до 317%, что указывает на то, что имеется синдром гиперпероксидации. При лечении этих животных в течение 10 дней фитопрепаратами из корня солодки – экстрактом и рувимином интегральный коэффициент СРОЛ-АОС в гомогенате печени снизился на 30,5% и 60,2% по сравнению с нелеченной группой. При лечении этих животных в течение 10 дней фитопрепаратами донника в дозе 25 мг/кг и 50мг/кг массы интегральный коэффициент СРОЛ-АОС в гомогенате печени снизился на 26,4% и 64,5% по сравнению с не леченной группой.

Ключевые слова: ацетат свинца, печень, микросомальные окисления, пероксидация липидов, корень солодки, рувими́н, донник лекарственный.

SUMMARY

N.ZH Ormanov - Prof., South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan, ormanov48@mail.ru.

T.N. Ormanov - PhD, Associate Professor, Shymkent, Kazakhstan.

D.P. Atanbekova - PhD, Associate Professor, Shymkent, Kazakhstan.

INFLUENCE PHYTOPREPARATIONS LIQUORICE AND MELILOT MICROSOMAL OXIDATION CELLS FOR LIVER LEAD INTOXICATION

In experimental animals lead intoxicated with integral coefficient of free radical oxidation of lipids in the liver cells and an antioxidant system rose to 317%, which indicates that there giperperoksidatsii syndrome. In the treatment of these animals within 10 days of licorice herbal remedies - and extract ruviminom integral factor SROL-AOC in liver homogenates decreased by 30.5% and 60.2% compared to the untreated group. Treatment of these animals for 10 days fitopreparatami clover at 25mg / kg and 50mg / kg of the integral coefficient SROL-AOS in liver homogenate decreased by 26.4% and 64.5% compared to the untreated group.

Keywords: lead acetate, liver, mikrosomalnle oxidation, lipid peroxidation, licorice root, ruvimin, Melilotus officinalis.

ЖОҚ 615.015:615.225.1/2:616.12-008.331

Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., ОҚМФА, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы,
lyazzatormanova@mail.ru

Л.А. Кулбаева - ОҚМФА магистрант Шымкент қ., Қазақстан Республикасы,
lira.kulbaeva@mail.ru

Н.Ж. Орманов – м.ғ.д., профессор, ОҚМФА, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы,
ormanov48@mail.ru

ФАРМАКОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ БИСОПРОЛОЛ МЕН ПЕРИНДОПРОПИЛДІҢ ӘСЕРІ

Жұмыстың мақсаты. II дәрежелі жүректің созылмалы жетіспеушілігімен ауыратын науқастарды бисопролол мен периндоприлдің фармакотерапиялық тиімділігімен бағалау.

II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастардаң толық шығыны бірінші ФТК тобында 117850,3 теңгені құраса, ал екінші және үшінші топтарында 45,3% және 55,6%-ға тең болады.

Түйінді сөздер: жүректің созылмалы жетіспеушілігі, периндоприл, бисопролол, аурудың құны.

Кіріспе. Қазіргі кезде жүректің созылмалы жетіспеушілігімен ауыратын науқастардың жиілігі дүние жүзінде жоғарылап, өлімнің негізгі себебі болып табылады. Бұл сырқаттарда гемодинамикалық, физиологиялық және патобиохимиялық үрдістердің ауытқуы негізінен ренин-ангиотензин және симпатoadреналды жүйелердің белсенділігінің өсуіне байланысты. Осыған байланысты жүректің созылмалы жетіспеушілігімен ауыратын науқастарды бисопролол мен периндоприлді қиылыстырып емдеу бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Жүрек-қан тамырлар жүйесінің ең көп тараған ауруларының бірі - артериялық гипертония, ал оны емдеудің экономикалық тиімділігін бағалау кардиологиядағы фармакоэкономикалық өзекті мәселерінің бірі болып табылады [1]. Дүниежүзілік статистика бойынша ересек тұрғындар арасында артериалды гипертония ауруымен 21-25% зардап шегеді [2], ал бұл көрсеткіш ҚР бойынша 24,3% құрайды және оның жиілігі жасының өсуіне

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

байланысты 10 есе өседі [3]. Жалпы өлім көрсеткішінің себебі ретінде артериалды гипертония ауруы 20-50% құрайды [4]. Сырқаттардың 90% артериалды гипертонияның I және II дәрежесіне тең. Осыған байланысты артериалды қан қысымының тым жоғары емес көрсеткіштеріндегі артериалды гипертония ауруын ерте емдеу – алдын-алу іс-шараларын өткізу ең жоғары клиникалық және экономикалық нәтижелер береді. Фармацевтикалық нарықтағы антигипертензиялық дәрілерді сырқаттарды оңтайлы емдеу үшін қолдану өзекті мәселенің бірі.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Фармакоэкономикалық көрсеткіштер анықтау үшін II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігімен ауыратын науқастарды бисопролол мен перниндоприл фармакотерапиялық тиімділігімен бағалау үшін жұмыстың міндеттеріне сәйкес 10 дені сау адам және созылмалы жүрек жетіспеушілігімен II дәрежесімен ауыратын 40 науқас зерттеуге алынды. Олар фармакотерапиялық кешендермен емдеуге байланысты төрт топқа бөлінді. 1-топтағы сырқаттар: арифон (1,5мг), диован (80 мг), норваск (5 мг); 2-топ: бисопролол (5мг), фозикард (10мг), кардилопин (5мг); 3-топ: престариум (5мг), атенолол (50 мг), кардилопин (5мг); 4-топ: бисопролол (5мг), престариум (5мг) және кардилопин (5мг) дәрілерін нұсқау бойынша күніне бір рет қабылдады. Емдеу - бақылау мерзімі 6 ай. Фармакотерапиялық кешендердің фармакоэкономикалық жағдайын зерттеу үшін дәрілік заттардың бағаларын «Еврофарма» фирмасының құны арқылы зерттедік.

Кесте 1 - II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастарды емдеу кезіндегі дәрілік шығынның фармакотерапияның түріне тәуелділігі

Аттары	Қажетті дәрілердің саны (дана)	Бағасы (тенге)	
		Бір таблетка	Емдеу бағамы
1-нұсқа			
Арифон (1,5мг)	180	30,0	5400,0
Диован (80 мг)	180	169,0	30472,0
Норваск (5 мг)	180	70,0	12648,0
Барлығы	540	269,0	48520,0
2-нұсқа			
Бисопролол (5мг)	180	26,83	4830,0
Фозикард (10мг)	180	31,0	5580,0
Кардилопин (5мг)	180	61,0	10980,0
Барлығы	540	118,83	21390,0
3-нұсқа			
Престариум (5мг)	180	63,43	11418,0
Атенолол (50 мг)	180	5,7	1026,0
Кардилопин (5мг)	180	61,0	10980,0
Барлығы	540	130,13	23424,0
4-нұсқа			
Бисопролол (5мг)	180	26,83	4830
Престариум (5мг)	180	63,43	11418,0
Кардилопин (5мг)	180	61,0	10980,0
Барлығы	540	104,0	27228,0

Зерттеу нәтижелері. Зерттеуге алынған сырқаттардың емдеуге қолданған фармакотерапиялық кешендердің атаулары мен қажетті дәрілердің санымен және олардың бағасы, емдеу бағамы 1-кестеде көрсетілген.

1-ФТК-ді қолданғанда 1-күндік емнің бағасы – 269 теңге құраса, емдеу бағамына 48520 теңге шығындалды. 2-ФТК-ді қолданғанда 1-күндік емдік бағасы – 118,83 теңгеге тең болса, емдеу бағамына 21390 теңге шығындалды. 3-ФТК-ді емдеу үшін қолданғанда 1-күндік шығын 130,13 теңгеге тең болса, ал емдеу бағамы 23424 теңгеге тең болды. 4-ФТК-ді емдеу үшін қолданғанда 1-күндік шығын 104,0 теңгеге тең болса, ал емдеу бағамы 27228,0 теңгеге тең болды. 1-ФТК-

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ ХАБАРШЫ
2(71)-2015 ж. Приложение 1

нінің емдеу бағамына қарағанда 2-ФТК-нінің шығыны 77,4% - пайызға, 3-ФТК емдеу бағамының құны -51,7%, 4-ФТК емдеу бағамының құны 43,9% - пайызға төмендейді.

Сонымен II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі сырқаттарды емдеу нәтижесіндегі дәрілерге арналған шығын 2-ФТК ең төменгі орын алса, ең жоғарғы деңгейі 1-ФТК, ал 3 және 4-ФТК ортаңғы жағдайда орын алды.

II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастарды емдеудегі клинико-үнемділік нәтиженің көрсеткіштерінің фармакотерапияның түріне байланысты өзгеруі 2 - кестеде көрсетілген. Жедел жәрдем шақырудың саны бірінші емдік тобында 6-ға , ал екінші және үшінші ФТК топтарда 3 және 4 тең болады. Жедел жәрдем шақыруға кететін шығынның мөлшері бірінші ФТК-нің әсерінен 12159,5 теңгені құраса, 2-фтік емдік топтағы - 6079,5 теңгеге тең болса, ал 3-фтік және 4-фтік емдік тобында - 8106,0 және 4053 теңгені құрады. Бірінші топтағы шығынның мөлшерін 100% теңегенде, екінші , үшінші және төртінші емдік топтарында бұл шығын 49,9%, 66,6% және 33,3%- ды құрайды, яғни бұл топтарда шығынның мөлшері 50,1% , 33,4% және 66,7%-ға тең болады.

Сырқаттарға терапевтердің арнайы келуі бірінші топта бақылау уақытында 6-ға тең болса, ал екінші және үшінші топта 3 және 4 рет болады, ал шығынның мөлшері бірінші, екінші және үшінші топтарда 2124 теңгеге, 1062 және 1416 теңгені құрайды, яғни бірінші топпен салыстырғанда бұл шығынның мөлшері екінші және үшінші топта 50% және 33,4% азайды. Бұл шығынның ең аз мөлшері төртінші топта орын алды, азаю мөлшері 66,7%-ға тең болады.

II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігімен ауыратын сырқаттарды емдеуге кететін тікелей шығынның мөлшері бірінші топта 62803,5 теңгені құраса, екінші және үшінші топта 28531,5 және 32946 теңгеге тең болады, яғни бірінші топпен салыстырғанда тікелей шығынның мөлшері екінші және үшінші топта 54,6% және 47,6%-ға төмен болды. Бұл шығынның азаю мөлшері төртінші топта 49,1%-ға тең болады.

Алты айлық бақылау уақытында бірінші топтағы сырқаттардың жұмыссыздық күндері 67,8 күнге тең болса, екінші және үшінші топтардағы бұл көрсеткіш 30,6 және 40,2 күндерді құрайды, ал шығынның мөлшері бірінші, екінші және үшінші топтарда 55046,8, 24844,1 және 32638,4 теңгені құрайды, яғни бірінші топпен салыстырғанда тікелей емес шығынның мөлшері екінші және үшінші топта 54,9% және 40,8% төмендейді. Бұл шығынның ең аз мөлшері төртінші топта орын алды, азаю мөлшері 62,8%-ға тең болады (кесте 2).

Кесте 2 - II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастарды емдеу кезіндегі клинико-үнемділік нәтиженің көрсеткіштерінің фармакотерапияның түріне байланысты жағдайы.

Көрсеткіштер	ФТК-1 n=10		ФТК-2 n=10		ФТК-3 n=10		ФТК-4 n=10	
	n	Шығын (теңге)	n	Шығын (теңге)	n	Шығын (теңге)	n	Шығын (теңге)
Дәрілердің құны		48520		21390		23424		27228
Жедел жәрдем шақыру	6	12159,5	3	6079,5	4,0	8106,0	2	4053
Терапевттің келуі	6	2124	3	1062,0	4,0	1416,0	2	708
Барлығы (тікелей шығын)	-	62803,5	-	28531,5	-	32946		31989
Жұмыссыздық күндері (тікелей емес шығын)	67,8±3,1	55046,8	30,6±1,5	24844,1	40,2±1,1	32638,4	25,2±1,1	20459,9
Барлығы	-	117850,3	-	53375,6	-	65584,4		52448,9

II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастарды емдеу кешендерінің түріне байланысты шығынның және аурудың толық құнының жарты жылдық мерзіміндегі жағдайы 3-кестеде көрсетілген. Тікелей, тікелей емес және аурудың толық бағасы ФТК әсерінен әр түрлі деңгейде өзгереді. Аурудың толық бағасы бірінші ФТК тобында 117850,3 теңгені құраса, ал

екінші және үшінші топтарында 55375,6 және 65584,4 теңгеге тең болады, яғни бірінші топпен салыстырғанда толық шығынның мөлшері екінші және үшінші топта 45,3% және 55,6% тең болады. Бұл шығынның ең аз мөлшері төртінші топта орын алды, аздау мөлшері 55,5%-ға тең болады. (кесте 3).

Кесте 3 - II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастарды емдеу кезіндегі фармакотерапияның түріне байланысты шығынның және аурудың толық құнының жарты жылдық мерзімінде өзгеруі

Топтар	Тікелей шығын (теңге)	Тікелей емес шығын (теңге)	Арудың толық бағасы (теңге)
ФТК-1 n = 10	62803,5	55046,8	117850,3
ФТК-2 n = 10	28531,5	24844,1	53375,6
ФТК-3 n = 10	32946	32638,4	65584,4
ФТК-4 n = 10	31989	20459,9	52448,9

Зерттеу нәтижесіне алынған мәліметтер II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастарды емдеу кезінде қолданған фармакотерапиялық кешендердің әсерінен тікелей, тікелей емес, аурудың толық шығыны әр түрлі деңгейде өзгереді. Шығыны ең төмен емдік кешене төртінші фармакотерапиялық топта: бисопролол (5мг), престариум (5мг), кардилопин (5мг) орын алды.

Қорытынды:

II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастардың толық бағасы бірінші ФТК тобында 117850,3 теңгені құраса, ал екінші және үшінші топтарында 45,3% және 55,6%-ға тең болады.

II дәрежелі созылмалы жүрек жетіспеушілігідегі науқастардың ең аз толық шығыны төртінші топта орын алды, аздау мөлшері 55,5%-ға тең болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Константинов, В.В. и соавт. Распространенность АГ и ее связь со смертностью и факторами риска среди мужского населения в городах разных регионов // Кардиология. – 2001. - №4. – С. 59.
2. Цыбин, А. К. Фармакоэкономика: проблемы и пути дальнейшего развития // Рецепт. — 2000. — №6(15). - С. 21-24.
3. Рысмендиев, А.Ж. Состояние и стратегия реформы кардиологической службы республики Казахстан // 2-Конгресс ассоциации кардиологов Казахстана. – Алматы. 1998. - С. 3-5.
4. Органов, Р.Г., Масленникова, Г.Я. Сердечно-сосудистые заболевания в РФ во второй половине XX столетия, тенденция, возможные принципы, перспективы // Кардиология. – 2000. -№6. – С. 4-9.
5. Орманов Н.Ж., Абуова Г.Т., Қазбекова М.Ж., Жумаханбетова Г. Артериальк гипертензиямен ауыратын II дәрежелі науқастардың клиникалық әйгіленістерінің жиілігінің фармакотерапиялық кешендердің әсерінен өзгеруі/ Сборник трудов научно-практической конференции «актуальные проблемы и профилактики профессиональной патологии и гигиена труда» посвященной памяти доктора медицинских наук, профессора **АДИЛЬБЕКОВОЙ ДАРИГИ АЙДАНОВНЫ** .3 МАЯ 2013 ГОДА. Шымкент, 2013г. с.112-116
6. Орманов Н.Ж., Садырханова Ұ.Ж., Сырманова Н.Р., Қазбекова М.Ж., Жақыпбек Г./II дәрежелі артериальк гипертензиямен ауыратын науқастардағы фармакотерапиялық кешендердің әсерінен уыттанудың индекс көрсеткіштерінің өзгеруіне байланысты фармакоэкономикалық нышандардың жағдайы/ Сборник трудов научно-практической конференции «актуальные проблемы и профилактики профессиональной патологии и

гигиена труда» посвященной памяти доктора медицинских наук, профессора Адильбековой Дариги Айдановны, 3мая 2013года, Шымкент, 2013г. с.116-120.

РЕЗЮМЕ

Л.Н. Орманова – к.м.н., и.о. доцента, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан, lyazzatormanova@mail.ru

Л.А. Кулбаева – магистрант, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан, lira.kulbaeva@mail.ru

Н.Ж. Орманов – д.м.н., профессор, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru

г. Шымкент, Республика Казахстан, rakhat_71@mail.ru

ИЗМЕНЕНИЕ ФАРМАКОЭКОНОМИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ПОД ВЛИЯНИЕМ БИСОПРОЛОЛА И ПЕРИНДОПРОПИЛА У БОЛЬНЫХ ХРОНИЧЕСКОЙ СЕРДЕЧНОЙ НЕДОСТАТОЧНОСТИ II СТЕПЕНИ

Длительное сочетанное применение ингибиторов АПФ (периндопропила) и β -адреноблокаторов (бисопролол) снижает полную стоимость болезни при II – степени хронической сердечной недостаточности на 55,5% по сравнению с базисной терапии и на 8% и 20,1% по сравнению с соответствующей лечебной группой включающего бисопролола и периндопропила.

Ключевые слова: хроническая сердечная недостаточность. периндопропил, бисопролол, стоимость болезни.

SUMMARY

L.N.Ormanova - Ph.D., Acting Associate Professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy Shymkent, Kazakhstan, lyazzatormanova@mail.ru

LA Kulbaev - undergraduate, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan, lira.kulbaeva@mail.ru

N.J. Ormanov - MD, professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan, ormanov48@mail.ru

PHARMACOECONOMIC CHANGE PARAMETERS UNDER THE INFLUENCE BISOPROLOL AND PERINDOPROPILA IN PATIENTS WITH CHRONIC HEART FAILURE SECOND DEGREE

Prolonged combined use of ACE inhibitors (perindopropila) and β -blockers (bisoprolol) reduces the total cost of the disease in II - degree of chronic heart failure by 55.5% compared to baseline therapy and 8% and 20.1% match against the appropriate treatment vklyuschayuschego bisoprolol group and perindopropila

Keywords: chronic heart failure. perindopropil, bisoprolol, cost of illness

ӘӨК 615-281.873.21

Л.Н. Орманова – к.м.н., и.о. доцента, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан,
lyazzatormanova@mail.ru

Ж.О. Бекенова - магистрант кафедрасы фармакологии, фармакотерапии - клинической
фармакологии, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан

Н.Ж. Орманов – д.м.н., профессор, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан,
ormanov48@mail.ru

ҚҰЗДАМА ТӘРІЗДЕС АРТРИТПЕН АУЫРАТЫН СЫРҚАТТАРДЫҢ ҚАНЫНЫҢ АНТИОКСИДАНТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНДОМЕТАЦИНДІ СЫНАҚТАН КЕЙІН ЖАҒДАЙЫ

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың мақсаты бойынша құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының құрамындағы антиотықтырғыш жүйесінің көрсеткіштері индометацинді сынақтан кейін де анықтау.

Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттардың қанының эритроциттеріндегі антирадикалды және антиотықтырғыш белсенділіктері индометацинге «төзімді» топта жалпы топпен салыстырғанда өзгеріссіз болса, индометацинге «сезімтал» тобында антирадикалды белсенділік 16,2% азайды, ал антиотықтырғыш белсенділік парықты өзгермеді, «өте сезімтал» тобында олар 1,7-1,5 еседен астам сәйкес азайды.

Индометацинді сынақтан соң сырқаттар қанындағы супероксиддис-мутаза белсенділігі индометацинге «төзімді» тобында болмыстық көрсеткішінен 22,2%-ға көтерілді, «сезімтал» топта 17,5%-ға, «өте сезімтал» топта 35,7%-ға азайды.

Кілт сөздер: құздама тәріздес артрит, антиоксидантты жүйе, қан, индометацинге сезімталдық.

Кіріспе: Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттарды бейстероидты қабынуға қарсы дәрілермен емдегенде, әр түрлі жағымсыз әсерлер орын алады. Оның ішінде индометациннің әсерінен пайда болатын гастропатияны келтіруге болады [1]. Бейстероидты қабынуға қарсы препараттардың, оның ішінде аспиридің жағымсыз әсерінен пайда болатын жалақ және ойық жараның пайда болу мүмкіншілігі $4,8 \pm 0,5$ болса, индометациннің әсерінен пайда болу мүмкіншілігі $8,0 \pm 0,1$ тең болады. Индометациннің ішек-қарында ұйтты көрсеткіші $2,39 \pm 0,34$ теңелсе, аспиридің әсерінен бұл көрсеткіш $1,18 \pm 0,18$ тең болады [2,3]. И.В.Козлова және оның әріптестері остеоартрозбен ауыратын сырқаттарды бейстероидты қабынуға қарсы препараттармен емдегенде гастропатиялық синдром барлық науқастарда бірдей кездеспейтінін дәлелдеген. Олардың ішінде 72%-ында гастропатия байқалған, 7,8%-ында ойық жара орын алған [4].

Жұмыстың мақсаты. Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының құрамындағы антиотықтырғыш жүйесінің көрсеткіштері индометацинді сынақтан әсерінен зертеу.

Зерттеу әдістері: Қан плазмасындағы липидтердің антирадикалды (АРБ) Орманов Н.Ж., [5] антиотықтырғыш белсенділігі (АТБ) Спектор Е.Б. [6], және Арутюнян А.В., [7] әдістерімен жүргізілді. Токоферолдың (ТК) қан эритроциттеріндегі мөлшері Рудакова-Шилина Н.К., [8] түрлендірілген әдісімен, сульфгидрильді (SH)-тобы спектрофотометриялық әдіспен анықталды [9]. Қан құрамындағы супероксиддисмутаза (СОД) [10], глутатионпероксидаза (ГП), глутатионредуктазаның (ГР), каталазаның белсенділіктері Моин В.М.[11], Зайцев В.Г.[12], Королюк М.А. т.б. [13] әдістерімен анықталды.

Зертеу нәтижелері: Сырқаттар қанының эритроциттеріндегі супероксиддисмутазаның белсенділігі индометацинге сезімталдығына байланысты әр түрлі деңгейде өзгерді (кесте-1). Бұл сырқаттар қанының эритроциттері құрамындағы супероксиддисмутаза белсенділігінің жалпы орташа көрсеткіші $49,9 \pm 2,5$ шартты белгіге тең болса, бұл ферменттің индометацинге «төзімді» топтағы көрсеткіші жалпы топтың деңгейінде сақталды, «сезімтал» топта 15,1%-ға, «өте сезімтал» топта 68%-ға кеміді (кесте-1).

Сырақтар қанының эритроциттеріндегі антирадикалды және антито-тықтырғыш белсенділіктері индометацинге «төзімді» топта жалпы топпен салыстырғанда өзгеріссіз болса, индометацинге «сезімтал» тобында антирадикалды белсенділік 16,2% азайды, ал антитотықтырғыш белсенділік парықты өзгермеді, «өте сезімтал» тобында олар 1,7-1,5 еседен астам сәйкес азайды.

Жұмыстың мақсаты бойынша құздама тәріздес артритпен ауыратын сырақтар қанының құрамындағы антитотықтырғыш жүйесінің көрсеткіші индометацинді сынақтан кейін де анықталды.


Индометацинді сынақтан соң сырақтар қанындағы супероксиддис-мутаза белсенділігі индометацинге «төзімді» тобында болмыстық көрсеткішінен 22,2%-ға көтерілді, «сезімтал» топта 17,5%-ға, «өте сезімтал» топта 35,7%-ға азайды.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер құздама тәріздес артритпен ауыратын сырақтар қанының құрамындағы супероксиддисмутаза белсенділігінің индометацинді сынақтан соң науқастардың индометацинге сезімталдығына байланысты әр түрлі бағытта өзгеретінін көрсетті. Индометацинге «төзімді» топтағы сырақтарда бұл ферменттің деңгейі индометацинді сынақтан соң жоғарыласа, индометацинге сезімтал топтарындағы сырақтарда керісінше төмендеді.

1 Кесте – Құздама тәріздес артритпен ауыратын сырақтар қанының ферменттік антиоксиданттық жүйесінің индометацинді сынақтан кейін өзгерістері (in vivo).

Көрсеткіштер	Топтар				
	жалпы (n=68)	төзімді (n=51)	сезімтал (n=11)	өте сезімтал (n=6)	
ИТК (шб)	0,91±0,03**	1,01±0,06*	0,65±0,02**	0,56±0,02**	
СОД (шб 10 ³ /1,0 мл.эр.масса)	1	49,9±2,6	54,1±2,1	42,4±1,6*	29,7±1,1*
	2	59,1±2,0	66,1±1,9**	35,0±1,0**	19,1±0,6**
АРБ (шб)	1	42,1±2,4	45,0±1,3	35,3±1,0*	24,7±1,2*
	2	48,3±2,7	56,2±1,6**	29,1±0,8**	16,7±0,7**
АТБ (шб)	1	23,8±1,6	25,3±1,1	24,4±0,8	16,3±1,0*
	2	27,2±1,4	30,3±1,2**	19,1±0,8**	10,5±0,4**
ДК/АРБ (шб)					
СОД – супероксиддисмутаза; АРБ- антирадикалды белсенділік; АТБ- антито- тықтырғыш белсенділік; 1- сынаққа дейінгі көрсеткіш; 2-сынақтан кейінгі көрсеткіш; *p<0,05- жалпы топпен салыстырғандағы нақты көрсеткіш; **p<0,05 - сынаққа дейінгі көрсеткішпен салыстырғандағы нақты көрсеткіш;					

Индометацинге «төзімді» тобындағы науқастар қанының плазмасындағы антирадикалды, антитотықтырғыш белсенділіктері индометацинді сынақтан соң болмыстық көрсеткішіне қарағанда 24,8%-ға, 19,7%-ға сәйкес өсті, «сезімтал» тобында 17,6%-ға, 21,6%-ға сәйкес азайды, «өте сезімтал» тобында 32,4%-ға, 23,4%-ға сәйкес төмендеді (сурет-1).



СОД-супероксиддисмутаза; АРБ-антирадикалды; АТБ-антитотықтырғыш белсенділіктері; Сд – индометацинді сынаққа дейін; СК- индометацинді сынақтан кейін; Жт-жалпы топ; Тт-төзімді топ; Ст-сезімталтоп; Өст-өте сезімтал топ;

Сурет – 1. Индометацинге сезімталдығына байланысты кұздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының антитотықтырғыш жүйесінің өзгеруі

Сонымен, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер кұздама тәріздес артритпен ауыратын сырқаттар қанының плазмасындағы антирадикалды және антитотықтырғыш белсенділіктерінің деңгейі науқастардың индометацинге сезімталдығына байланысты, олар индометацинді сынақтаң соң ол әр түрлі бағытта өзгерді. «Төзімді» топта оның деңгейі индометацинді сынақтаң соң жоғарыласа, индометацинге «өте сезімтал» сырқаттардың қан плазмасында төмендеді және ең кіші мәні «өте сезімтал» топтағы науқастарға тән болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Новые подходы к прогнозированию риска развития гастропатий, индуцированных нестероидными противовоспалительными средствами // Зиганшина Л.Е., Султанова А.Ф., Хазиахметова В.Н., Валеева И.Х., Зиганшин А.У. //Экспериментальная и клиническая фармакология.- 2002.- Том 65.- №2. –С.49-52.
2. Лапина Т.Л. Гастропатии, индуцированные нестероидными противовоспалительными препаратами: клиническое значение, лечение, профилактика //Consilium medicum.-2001.-Т.3.-№9-С.438-442.
3. Насонов Е.Л., Каратеев А.Е. Гастропатия, связанная с приемом НПВП // Клиническая медицина.- 2000.-№4.-С.4-7.
4. Козлова И.В., Липатова Т.Е., Кветной И.М. Гастропатия, индуцированная нестероидными противовоспалительными препаратами, у больных остеоартрозом, роль некоторых факторов диффузной эндокринной системы желудка в ее возникновении // РЖГТК.- 2006.- №1.- С. 47-53.
5. Спектор Е.Б., Аненко А.А., Политова Л.Р. Определение общей АОА плазмы крови и ликвора // Лабораторное дело. – 1984.- № 1. – С. 26-28.
6. Рудакова-Шилина Н.К., Матюхова Н.П. Оценка антиоксидантной системы организма // Лабораторное дело. – 1982.- № 1. – С. 19-21.
7. Торчинский Ю. Сера в белках. – М., 1977. - С. 118-140.
8. Чумаков В.Н., Осинская Л.Ф. Количественный метод определения активности цинк-медь-зависимой супероксиддисмутаза в биологическом материале// Вопросы мед.химии.-1977.-№5.-С.712-716.
9. Моин В.М. Простой и специфический метод определения активности глутатион пероксидазы в эритроцитах// Лабораторное дело. -1986.-№12.-С.725- 728.

10. Зайцев В.Г., Богочева Ю.Б., Дуфин В.Н., Левшова А.О. и соавт. Определение глутатионпероксидазной и супероксиддисмутазной активности в эритроцитах пациентов с хроническими диффузными заболеваниями печени (ХДЗП). //Клиническая и экспериментальная медицина сегодня. Тезисы меж.региональной конференции молодых ученых.
11. Королюк М.А. Метод определения активности каталазы // Лаб.дело. – 1988. – №1. – С. 16-19.
12. Арутюнян А.В., Дубинина Е.Е., Зыбина Н.А. Методы оценки свободнорадикального окисления и антиоксидантной системы организма. - Спб.: ИКФ-Фолиант, 2000. – 104 с.

РЕЗЮМЕ

- Л.Н. Орманова** – к.м.н., и.о. доцента, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан, lyazzatormanova@mail.ru
- Ж.О. Бекенова**- магистрант кафедры фармакологии, фармакотерапии- клинической фармакологии, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан
- Н.Ж. Орманов** – д.м.н., профессор, ЮКГФА, г. Шымкент, Республика Казахстан, ormanov48@mail.ru

СОСТОЯНИЕ АНТИОКСИДАНТНЫХ ПАРАМЕТРОВ КРОВИ У БОЛЬНЫХ РЕВМАТОИДНЫМ АРТРИТОМ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ЧУВСТВИТЕЛЬНОСТИ К ИНДОМЕТАЦИНУ

После индометациновой пробы у больных ревматоидным артритом антирадикальная и антиокислительная активности плазмы крови у «резистентных» групп увеличивается на 24,8% и 19,7%, «чувствительной» группе снижается на 17,6% и 21,6%, у «очень чувствительных» групп уменьшается на 32,4% и 23,4%.

Ключевые слова. Ревматоидный артрит, антиоксидантная система крови, чувствительности к индометацину.

SUMMARY

- N.J. Ormanov** - Ph.D., Professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan, ormanov48@mail.ru
- L.N.Ormanova** - , Acting associate professor, South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan, lyazzatormanova@mail.ru
- ZH.O. Bekenova**- undergraduate kakkfedry feryakolgii, farmakoterapii- klinichcheskoy pharmacology South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Shymkent, Kazakhstan

ANTIOXIDANT BLOOD PARAMETERS IN PATIENTS WITH RHEUMATOID ARTHRITIS IN THE DEPENDING ON CHUVSTITELNOSTI TO INDOMETHACIN.

After indomethacin trials in patients with rheumatoid arthritis antiradical and antioxidant activity of blood plasma in "resistant" group increased by 24.8% and 19.7%, "sensitive" group reduced on 17.6% and 21.6% have a "very chuvstitelnyh" groups umenshaetsya 32.4% and 23.4%.

Keywords. Rheumatoid arthritis, antioxidant system CROI, feelings

ЖОҚ 615.015:615.225.1/2:616.12-008.331

Л.Н. Орманова – м.ғ.к., доцент м.а., ОҚМФА, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы,
lyazzatormanova@mail.ru

Л.А. Кулбаева – ОҚМФА, магистрант Шымкент қ., Қазақстан Республикасы,
lira.kulbaeva@mail.ru

